



ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ
СЕРІКТЕСТІГІ

3

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №79 (6641) 5 қыркүйек, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Алматы

AQSHAMY



мегаполистің мәдени өміріндегі маңызды оқиға

Алматыда Қала күні мерекесі қарсаңында қазақ музыкасының данышпаны, Халық Қаһарманы, композитор әрі дирижер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына орай оның мемориалдық музейі қайта жаңғыртылып, ел игілігіне жаңа экспозиция ұсынылды.

Жаңарған музейдің ашылу салтанатына Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, композитордың қызы, дирижер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дінзұхра Тілендиева, зиялы қауым мен өнер өкілдері қатысты. Қала басшысы мәдениет ордасының қайта түлеуін мегаполис өміріндегі маңызды оқиға деп бағалады.

1979–1998 жылдары ұлы композитор отбасы бірге ғұмыр кешкен бұл шаңырақ бүгінде нағыз рухани мекенге айналған. Мұнда қазақ музыкасының інжу-маржандары дүниеге келіп, талай шығармашылық басқосулар өткен. Музейдің жаңғыртылған экспозициясы сол дәуірдің шынайы атмосферасын сақтап, келушілерге дарынды тұлғаның өмір жолының, шығармашылығының деректерінен рухани сусындауға мүмкіндік береді.

Жаңарудан кейін көрме аумағы 161 шаршы метрге ұлғайып, екі жаңа мультимедиялық зал ашылды. Қолжазбалар, сирек суреттер, композитордың жеке заттары мен архивтік деректер негізінде жасалған жаңа экспозиция заманауи технологиямен жабдықталған.

Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның мерейтойлық даталар тізіміне енген. Бұған дейін Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде ұлы композитордың мұрасына арналған арнайы көрме ұйымдастырылып, қазақ музыкасы классигінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі халықаралық деңгейде мойындалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



МЕГАПОЛИС

Метро құрылысы:

МЕРЗІМ және САПА

Жаңа стансалар мен көлік тораптарын салу –
тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігіне жасалған инвестиция



Мегаполисте метро құрылысы қарқын алды. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында метрополитен жобаларының жүзеге асырылу барысымен танысты. Әсіресе, «Қалқаман» стансасының құрылысы мен метроның бірінші желісінің үшінші кезегін дамыту мәселелері ерекше назарға алынды. Оның қызметін күн сайын жүз мыңнан астам жолаушы пайдаланады деген болжам бар.

Жаңа желінің ұзындығы бес шақырымнан асады. Ол үш стансадан тұрады: Наурызбай ауданы әкімдігінің маңында, Алатау даңғылы мен Төле би көшесінің қиылысында және «Барлық» базары ауданында орналасады. Соңғы станса маңында қалааралық автовокзал, метро, жеңіл рельсті көлік және автотұрақты біріктіретін ірі көлік торабы бой көтермек.

«Қалқаман» стансасы пайдалануға берілген соң күн сайын жүз мыңнан астам қала тұрғынына қызмет көрсетеді деп күтілуде. Қазіргі таңда мұнда негізгі жер жұмыстары аяқталып, тоннельдердің біріне ұңғыма жүргізілді, инженерлік жүйелерді монтаждау ісі атқарылуда. Монолитті жұмыстардың төрттен үші орындалып, нысан құрамына платформалық учаске, екі вестибюль, үш кіреберіс, техникалық блок пен қосалқы станса қарастырылған. Құрылыстың бас мердігері «BCN Group» нысанды нормативтік мерзімнен ерте аяқтауды жоспарлап отыр. Қараша айында бетондау жұмыстары толық бітіп, әрлеу және инженерлік кезең басталады. Жоба аясында жалпы ұзындығы үш шақырымнан асатын екі өткізу тоннелі салынады.

– «Жаңа стансалар мен көлік тораптарын салу – бұл тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігіне жасалған инвестиция. Басты мақсат – жұмысты мерзімінде және сапалы аяқтауымыз керек», – деді шаһар басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



01 745178 614887 >

ӘКІМ

Ұлттық жоба:

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

Алматыда жаңа оқу жылында
заманауи 7 білім ордасы бой көтерді



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Білім күніне орай «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерген жаңа мектептердің бірінде оқушыларды мерекемен құттықтады.

Жаңа оқу жылы мегаполис үшін айрықша жаңалықпен басталды: Алматыда

бір мезетте 12 мыңнан астам орынды 7 заманауи мектеп есігін айқара ашты. Алатау, Алмалы, Бостандық және Наурызбай аудандарындағы білім ордалары кең әрі жарық кабинеттермен, заманауи зертханалармен, цифрлық сыныптармен, спорт кешендерімен және акт залдарымен жабдықталған.

«Бүгін Алматының 350 мыңнан астам оқушысы үшін алғашқы қоңырау соғылды. Оның ішінде 28 мыңнан астам

бүлдіршін алғаш рет мектеп табалдырығын аттап отыр. Бұл – ата-аналар мен ұстаздар үшін ерекше қуанышты сәт. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, әр баланың сапалы білім алуы үшін тең және заманауи жағдай жасау маңызды», – деді қала әкімі Дархан Сатыбалды.

Әкімнің айтуынша, қыркүйек айының соңына дейін Алматыда тағы 10,5 мың орынды 5 мектепті іске қосу жоспарланған. Жалпы, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында қалада 34,8 мың орынды 21 оқу орны салынып жатыр. Бұған қоса, жеке инвесторлардың қаржыландыруымен 8 мектеп бой көтеруде. Сондай-ақ, «1300 мектепті жаңғырту» жобасы аясында 2027 жылға дейін Алматыдағы 31 білім ошағына күрделі жөндеу жүргізілмек.

Өткен оқу жылының жетістіктері де ерекше мақтанышпен аталды. Алматылық оқушылар 21 халықаралық және 33 республикалық олимпиадаларға қатысып, 1000-нан астам жүлделі орынға ие болды. Алматы құрама командасы «Үздік олимпиада командасы – 2025» атанып, ел мерейін үстем етті. Сондай-ақ, жас жеткіншектер Нидерланды, Индонезия, Үндістан және Кипрде өткен робототехника чемпионаттарында топ жарып, ғылым саласында еліміздің абыройын асқақтатты.

Алматы қаласының жаңа оқу жылын осындай зор серпінмен бастауы – білім беру саласына жасалған нақты қолдаудың нәтижесі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НАҚТЫ СЕКТОР

ЗАУЫТ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ



Алматының Индустриалды аймағында тротуар плиталары мен бетон жиектерін шығаратын зауытқа ауқымды жаңғырту жүргізілді. Инвестициялардың жалпы сомасы 1,2 млрд. теңге болды, оның 25%-ы инвестор есебінен қаржыландырылды («СК Рахат» ЖШС), ал қалған 75%-ы «Даму» қорының субсидиялау бағдарламасы аясында қарыз капиталымен қамтамасыз етілді. Бұл туралы Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы хабарлады.

Жоба аясында әлемдегі жетекші өндірушілердің заманауи жабдықтары сатып алынды. Олар – ұсақ бөлшекті бетон бұ-

йымдарды шығаруға арналған HESS Group (Германия) желісі, өнімдердің төзімділігін арттыратын ROTHO-Stabil

(Германия) камерасы, өнімді тікелей байлайтын VR-80 машинасы және автоматты орайтын RA100 (Италия) машинасы, сондай-ақ полимермен қапталған технологиялық поддондар (Польша).

Айта кетейік, алғашқы Hess Maschinenbrik GmbH өндірістік желісі 2023 жылдың мамырында іске қосылды. 2024 жылдың соңына қарай зауыт 153 мың шаршы метр тротуар плиталарын өндіріді, орташа айлық көлемі 9 мың шаршы метр, бұл жобалық қуаттың 36 пайызы.

Жүргізілген жаңғырту жұмыстарынан кейін бір ауысыммен жұмыс істеген жағдайда өнім шығару көлемі айына 25 мың шаршы метрге дейін ұлғаяды. Екі ауысымдық режимге көшкен жағдайда, өнім көлемі тіптен көбейеді. Өндіріс процесін толық автоматтандыру өнімнің сапасын жақсартады, ауқымды үнемдеу арқылы өзіндік құнды төмендетеді, шикізатқа, материалдарға жұмсалатын шығынды азайтып, жұмыс күшін оңтайландырады.

Кәсіпорынның жобалық қуаты – жылына 180 текше метр автоклавты газды бетон және 750 мың шаршы метр темір бетон шығаруға жетеді. Барлық өнімдер қолданыстағы Мемлекеттік стандартқа сәйкес шығарылады және негізінен жергілікті шикізаттан өндіріледі. Бұрын зауыттың толық автоматтандырылмауы өнім шығаруға кедергі болған. Яғни өнімді экспозициялау, жинау және қоймада сақтауды қоса алғанда, өндірістік операциялардың бір бөлігі қолмен орындалатын. Енді барлық процестер толығымен автоматтандырылды, бұл кәсіпорынның өнім шығару деңгейін едәуір арттырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҒАЙЫНДАУ



ДАНИЯР ҚЫРЫҚБАЕВ –
Алатау ауданының әкімі

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының өкімімен, Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігі мен қалалық мәслихаттың келісімі бойынша Алатау ауданының әкімі болып Данияр Қырықбаев тағайындалды.

2024 жылдың сәуірінен бастап ол Алматы қаласының қала құрылысын бақылау басқармасының басшысы қызметін атқарған.

Данияр Батанұлы Қырықбаев 1986 жылдың 29 сәуірінде Алматы облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін және Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институтын бітірген.

Еңбек жолын 2007 жылы банк секторында бастады. Әр жылдары «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында, Бас прокуратурада, Парламент Сенаты Аппаратында және Жоғарғы сотта қызмет етті. Сондай-ақ, Алматы қаласы бойынша соттар әкімшісінің басшысы болды.

2019–2021 жылдары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қалалық филиалының директоры қызметін атқарды.

2021 жылдан бері Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасын басқарды.

ЖАҢА АВТОБУС БАҒЫТЫ

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен Алатау ауданындағы Теректі шағынауданы тұрғындарының қатынас қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қалалық мобильділік басқармасы жаңа тұрақты автобус бағытын ұйымдастырды.



Мегаполисте «№184 мектеп – №7 қалалық аурухана» бағыты бойынша №83 маршрут қатынай бастады. Бағытқа ұзындығы 9 метрлік газбен жүретін Yutong маркалы автобустар шығарылады. Күн сайын төрт автобус жолға шығады, қозғалыс аралығы шамамен, 10 минут. ағыт әзірге сынақ режимінде жұмыс істейді. Жолаушылар легі мен тұрғындар сұранысына байланысты қозғалыс сызбасына түзетулер енгізілуі мүмкін.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ГЕОСАЯСАТ

Қазақстан – Қытай стратегиялық серіктестігі:

ҚАНДАЙ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ?

Соңғы күндері жаһандық БАҚ назары Азия құрлығына ауды. Түрлі геосаяси болжамдар мен пікірілер қалыптасуда. Мемлекет басшысы 31 тамыз – 3 қыркүйек аралығында Қытайда жұмыс сапарымен болды. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының XXV саммитіне, Қазақ – қытай іскерлік кеңесінің VIII отырысына қатысты. «ШЫҰ плюс» саммиті «Көпжақты ынтымақтастықты дамыту, өңірлік қауіпсіздік пен орнықты дамуды қамтамасыз ету» тақырыбына арналды. Жалпы, тараптар бірнеше сәтті кездесулер өткізді. Жиырмадан астам үкіметаралық құжаттарға қол қойылып, бірнеше маңызды жобалардың негізі қаланды. Мақаламызда Президенттің Қытайға жұмыс сапарында қол жеткізілген экономикалық келісімдерді және Қазақстан – Қытай мемлекетаралық байланысының сауда-экономикалық тетіктерін талдап көрелік.

МАЗМҰНДЫ ЖӘНЕ
ТИІМДІ БАҒДАРЛАР

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері Қытай кәсіпкерлері елімізге 27 миллиард доллар инвестиция салды. Қазақ – қытай іскерлік кеңесінің 8-ші отырысына Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік органдары және бизнес құрылымдарының 500-ден астам өкілі, 70-тен аса Қытайдың ірі корпорацияларының жетекшілері қатысқан.

Бытыр Қазақстан – Қытай арасындағы сауда айналымы рекордтық көрсеткіш 44 миллиард долларға жетті. Елімізде бүгінде қытай капиталы бар 6 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс жасауда. Алматы қаласында автокөлік өндіретін мультибрендті зауыт іске қосылып, жылына 120 мың көлік шығарады. Сондай-ақ, Алматыда электробус шығаратын BYD компаниясының зауыты іске қосылды.



(Депкез: akorda.kz).

Қазақстан үшін сауда-экономикалық байланысты әртараптандыру стратегиялық маңызды мүмкіндік. Қытай мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстың соңғы жылдары жаңа бағыты логистикалық бағыт болып отыр. Қытай үшін Орталық Азия арқылы Еуропаға тауар тасымалдау, логистикалық бағыты қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Қытай мен Еуропа арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Биыл еліміз тарихында ең ұзын теміржол тораптарының бірі «Достық – Мойынты» (835 км) темір жолының екінші желісі іске қосылғанда, Қазақстан арқылы өтетін «Қытай – Еуропа» транзит дәлізінің жүк өткізу мүмкіндігі 5 есе артады. Стратегиялық тұрғыда алғанда, бұл елімізді Батыс пен Шығыс арасында логистикалық хабқа айналдыратын болады.

Қытай мен Қазақстанның экономикалық байланысының күретамырына айналып отырған келесі маңызды жоба – Транскаспий халықаралық көлік бағдары. Бытырдың өзінде бұл көлік бағдары арқылы жалпы

жиыны 4,5 миллион тонна жүк өткізіліп, өткен жылмен салыстырғанда, 62 пайызға артты. Бұл жобаның баянды болуының айқын екендігінің бір сипаты қазірдің өзінде Ляньюньган портындағы қазақ-қытай логистика терминалы және Сианьдағы құрғақ порттарының белсенді жұмысы.

Өңірлік логистикалық мүмкіндіктерден бөлек, іскерлік кездесуде ерекше көңіл бөлінген мәселе Қазақстан мен Қытай арасында қостарапты экономикалық байланыстың беки түсуі. Қазірдің өзінде еліміздің бірнеше қалаларында қытайлық кәсіпкерлермен бірлескен маңызды жобалар сәтті жүзеге асып отыр. Мысалы, Атырау облысындағы Sinopac компаниясымен бірлесіп, полиэтилен шығаратын зауыты, Шымкент қаласында CNPC компаниясының қатысуымен мұнай өңдеу зауытын қайта өңдеу, Маңғыстау облысында China Huadian Corporation компаниясымен бірге жүзеге асырылып отырған бу-газ қондырғысының құрылысы энергетика саласына серпін берері сөзсіз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«МАҚСАТ–МІНДЕТТЕР
еліміздің ұлттық мүддесіне сай келеді»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 30 тамыз – 3 қыркүйек күндері Төраға Си Цзиньпиннің шақыруымен Қытай Халық Республикасына ресми сапармен барды. Сапар аясында екіжақты және көпжақты кездесулер мен келіссөздер өткізді. Тяньцзинь қаласында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне және «ШЫҰ плюс» жиынына қатысты. Бейжіңге барып, Қазақстан – ҚХР іскерлік кеңесінде сөз сөйледі. Сондай-ақ, Қытайдың ірі компания жетекшілерімен бірқатар кездесу өткізді.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға мәртебелі мейман ретінде қатысты. Қазақстан басшысы елімізде ауқымды инвестиция тартуға барынша қолайлы жағдай жасалғанын, ірі жобаларды жүзеге асыруға толық мүмкіндік бар екенін мәлімдеді. Президент тұжырымдағандай, қол жеткізген уағдаластықтар экономикалық байланысты күшейтуге ықпал етіп, екі елдің стратегиялық серіктестігіне тың серпін бермек. Бұл мақсат-міндеттер біздің еліміздің ұлттық мүддесіне сай келеді.

ҚАЙ САЛАЛАРҒА
МАҢЫЗ БЕРІЛДІ?

30 тамызда Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді. Кездесу барысында екіжақты сауда көлемі

жайлы маңызды ақпарат айтты. Сол ақпаратқа сүйенсек, 2024 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 44 млрд. долларға жетті. Бұл – жоғары көрсеткіш. Дегенмен, тауар айналымын бұдан да жоғары көрсеткішке жеткізуге мол мүмкіндік бар.

Екіжақты тауар айналымы мен сауда-экономикалық байланысты нығайту, инвестиция көлемін арттыруда мемлекет басшылары арасындағы саяси диалогтан бөлек, Қазақстан – ҚХР іскерлік кеңесі де маңызды механизмге айналуда. Осыған орай, Президент 2 қыркүйекте Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің сегізінші отырысында сөз сөйледі. Екіжақты сауда-экономикалық байланыста Қазақстан мынадай салаларға мән беретіні тұжырымдалды:

• **Көлік-транзит саласы.** Негізгі жобалар ретінде «Достық – Мойынты» темір жолы, Транскаспий халықаралық көлік бағдары, Каспийдегі Ақтау және Құрық порттары аталды;

• **Энергетика саласы, оның ішінде атом энергетикасы.** Бұл бағытта Атырау облысында Sinopac компаниясымен бірлесіп, полиэтилен шығаратын зауыт құрылысын, CNPC компаниясының қатысуымен Шымкент мұнай өңдеу зауытын жедел жаңғыртудан өткізуді, Маңғыстау облысындағы бу-газ қондырғысының құрылысы жобалары аталды. Сондай-ақ, атом энергетикасы саласында CNNC, SANY компанияларымен әріптестік орнатылмақ;

• **Тау-кен металлургиясы.** Мұнда Fujian Hengwang Investment компаниясы салатын Жамбыл облысындағы металлургия зауыты, Jiaxin International компаниясы қолға алған Алматы облысындағы Бұғыты кенішінде вольфрам кенін өңдеу жобалары айтылды;

• **Ауыл шаруашылығы.** Dalian Group

компаниясы Ақмола облысында бидайды терең өңдейтін кәсіпорын құруды, Fufeng Group компаниясы Жамбыл облысында жүгері өңдеуді қолға алмақ;

• **ЖИ.** China State Construction Engineering Corporation компаниясы «Alatau City» біртұтас экожүйе ретінде жаңа қала құруға кіріск;

• **Қаржы секторы.** Президент «Астана» халықаралық қаржы орталығында тіркелген 4200-ден астам компанияның 850-і қытай елінен екенін атап өтті. Мемлекет басшысы осы бағыттағы жұмысты жалғастыруға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Іскерлік кеңестің отырысынан кейін қытайлық ірі компания басшыларымен жеке кездесу өткізді. Олардың ішінде CNPC директорлар кеңесінің төрағасы Дай Хоулян, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің президенті Цзинь Лицун, Huawei Technologies Co. LTD директорлар кеңесінің төрағасы Хуа Лян, Sany Group Co. Ltd. корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Сян Вэньбо, China Energy Engineering Group компаниясының бас директоры Ни Чжэн, Қытай ұлттық ядролық өнеркәсіп корпорациясының (CNNC) Директорлар кеңесінің төрағасы Шэнь Яньфэн, CRRC директорлар кеңесінің төрағасы Сунь Юнцай бар.

ҰЙЫМНАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Қытайға жасалған ресми сапар қазақ-қытай қарым-қатынасы ғана емес, көпжақты сыртқы саясат үшін де маңызды болды. Мемлекет басшысы 1 қыркүйекте ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына және «ШЫҰ плюс» саммитіне қатысып, сөз сөйледі.

Президент ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ
ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың екітарапты іскерлік кездесудегі мәлімдемелері екіжақты қарым-қатынастың басым бағыттарын айқындап берді. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы экспорты, өңдеу өнеркәсібі, цифрландыру және қаржы салаларына ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазақстанның бидай мен ұн экспорты үшін Қытай нарығы ерекше маңызға ие. Жыл сайын он миллион тоннадан астам бидай және екі миллион тоннаға жуық ұнды шет елге жөнелтеді, Dalian Group пен Fufeng Group жобалары астық пен жүгеріні терең өңдеуге мүмкіндік беріп, қазақстандық агроөнеркәсіпті жаңа кезеңге шығаруға бағытталатыны айқын болып отыр. Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық бойынша қос ел арасында байланыстың артуы, ұлттық экономикамызды әртараптандыру бойынша өте маңызды қадам.

Екінші маңызды бағыт – цифрландыру және жасанды интеллект саласы дер едік. Іскерлік кездесуде Қазақстан Қытайдың ЖИ саласындағы бастамаларын қолдады, қос ел арасындағы маңызды байланыстың ордасына айналатын «Alatau City» жобасы біртұтас экожүйе ретінде арнайы мәртебеге ие болады.

Бүгінде «Астана» халықаралық қаржы орталығында 850-ге жуық қытай компаниясының жұмыс істеуі Қытай капиталының Қазақстан нарығына сенімін көрсетіп отыр. Жалпы алғанда, Қазақстан – Қытай іскерлік кездесуінен байқағанымыз, екі тарап кәсіпкерлері, іскерлік топтары маңызды экономикалық бағыттарда білек сыбана жұмыс жасауға әзір. Қос ел басшылары мұны өте жақсы түсініп, мемлекетаралық деңгейде ауқымды қолдау көрсетіп отыр.

Жаһан назары Қытайдың экономикалық, саяси ықпалына ауған тұста іргедегі көршімізбен байланысымызды стратегиялық сипатта айқындай түсуіміз отандық дипломатияның айқын жеңісі дер едік.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



басшылары кеңесінің отырысында Қазақстанның ұйымнан не күтетінін, ұсыныстары мен басымдықтарын атап өтті. Астана ұйымының бірқатар бастамаларын қолдады. Олар: ШЫҰ-ның қауіпсіздік сын-қатерлерімен күрес жөнінде төрт орталық құру бастамасы; ШЫҰ-ның санкциялық қысымға қарсы еркін әрі әділ әлемдік сауданы дамыту бағытындағы нақты іс-қимылы; ШЫҰ даму банкі құру жөніндегі Қытай бастамасы. Қазақстан тарабы өз кезегінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңес арасында іскерлік байланыстарды күшейтуді; ШЫҰ елдерін Ауғанстанға гуманитарлық, техникалық көмек көрсетуді жалғастыруға шақырып, БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік Орталықтың әлеуетін бірлесе пайдалануды ұсынды; Астана халықаралық қаржы орталығы базасында перспективті инвестициялық жобаларды сүйемелдеп, заңгерлік, консалтингтік және қаржылық компанияларды шоғырландыратын ШЫҰ Кеңесін құру бастамасын көтерді; «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының зор әлеуетін атап өтті; Жоғары технологиялар және цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты жандандыру қажеттігіне назар аударды. Қытайдың Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық бойынша жаһандық ұйым құру туралы ұсынысын қолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағыттағы нақты қадам ретінде ШЫҰ-ның жасанды интеллект бойынша тұрақты сарапшылар форумын өткізуді ұсынды.

Мемлекет басшысының бірнеше күнге созылған ресми сапары Қазақстан мен Қытайдың екіжақты және көпжақты саяси, сауда-экономикалық, қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастығын одан әрі нығайтты. Алдағы кезеңде елімізге Қытайдан келетін инвестиция көлемі еселене түсері сөзсіз.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ФОРСАЙТ-СЕССИЯ

Алматыда жаңа мамандықтар талқыланды

Алматыда жаңа мамандықтар мен құзыреттерді техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне енгізу мәселесі қаралған форсайт-сессия өтті. Іс-шараға «Атамекен» ҰКП, «Мамандығым – Болашағым» жобалық офисі, салалық қауымдастықтар, ҰЕҰ, сондай-ақ колледж басшылары мен оқытушылар қатысты.

Ернұр
РЫСБАЙ

Жиында креативті индустриялар, ақпарат және байланыс, сервис пен қонақүй бизнесі, құрылыс пен урбанистика, көлік пен логистика және білім беру сынды алты негізгі салаға назар аударылды.

Алматы Құрылыс және менеджмент колледжі директорының орынбасары Жұхаргүл Аблизованың айтуынша, құрылыс саласы қарқынды өзгерістерге ұшырап отыр.

– Жаңа мамандықтар атласына осы бағыт бойынша 11 позиция енгізілді. Олардың қатарында сити-менеджер, 3D-ғимараттар жобалаушысы, өндірісті роботтандыру маманы бар. Бұл еңбек нарығының нақты сұранысына сай келеді, – дейді Жұхаргүл Аблизова.

Қонақүй және туризм индустриясы колледжі кәсіби оқыту жөніндегі директорының орынбасары Лилия Рахимгереева да өз саласындағы өзгерістерді атап өтті:



(Суретті түсірген автор).

– Қонақүй индустриясында көптеген дәстүрлі мамандықтар жойылып, жаңа бағыттар пайда болуда. Экология, автоматтандыру, цифрлық қызметтер – басты трендтер. Тек біздің сала бойынша атласқа 21 мамандық енгізілді. Биыл алғаш рет «дестинацияны басқару» атты жаңа мамандық ашылып, ішкі туризмді дамытуға бағытталды, – деді ол.

Алматы қаласы Білім басқармасына қарасты ғылыми-әдістемелік орталықтың техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Гүлнар Сүлейменова қорытындысында Жаңа буынның еңбек нарығына дайын болуына колледждер мен жұмыс берушілердің бірлескен еңбегі қажет екенін баса белгілеп өтті. Ол фо-

румда 114 перспективалы мамандығы зерделеніп, соның ішінде 69 позицияны енгізу жоспарланғанына тоқталды:

– Бұлар 4 мамандық, 29 құзырет, 26 модуль және 11 оқу нәтижесі. Бұл қатарда виртуалды саяхат дизайнері, құрылыс саласындағы роботтандыру мамандары бар. Жаңа буынның еңбек нарығына дайын болуына колледждер мен жұмыс берушілердің бірлескен еңбегі қажет, – деді ол.

Форсайт-сессия қорытындысында білім беру бағдарламалары мен стандарттарын жаңғырту жалғасатыны белгілі болды. Мақсат – Алматыдағы білім беру жүйесін цифрлық экономиканың талаптарына бейімдеп, жұмыс берушілердің сұранысына сай кадрлар даярлау.

ПРЕСС-ТУР

СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Алматы құрылыс-техникалық колледжінде баспасөз туры өтті. Қатысушылар оқу орнының шеберханаларын аралап, студенттердің тәжірибелік дайындығымен танысты.

Ернұр
ЕРЛАНҰЛЫ

Колледжде бүгінде 41 оқу кабинеті, спорт және акт залы, жатақхана мен үлкен кітапхана жұмыс істейді. Ең бастысы – оқу процесіне қажет тоғыз шеберхана мен зертхана студенттердің еркін білім алуына жағдай жасап отыр. Заманауи құрылғылар орнатылған зертханаларда жастар тек теорияны ғана емес, нақты тәжірибені меңгереді. Колледж директоры Бектұрған Ахметов оқу орнының ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

– Біздің колледж 1969 жылы құрылған. Қазіргі таңда 8 мамандық бойынша 1200-ден астам студент білім алуда. Жыл сайын жұмысшы мамандықтарына қызығушылық артып келеді. Мәселен, биылғы оқу жылында студенттер саны былтырғыдан 50-ге көп. Біз Алматыда сантехника және жылу жүйесі бойынша бірегей мамандар дайындаймыз. Жақында «Хаус-мастер» мамандығын аштық. Бұл мамандық көпқабатты тұрғын үйлерге қажетті сантехник, электрик, дәнекерлеуші қызметтерін біріктіреді. Студенттеріміз халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысып, ел намысын қорғап жүр, – деді ол.

Жастардың жетістігі тәжірибелі ұстаздардың еңбегімен тығыз байланысты. Оқытушылар студенттерді бірінші курстан бастап, сызба сызуға, құрылыс материалдарын тануға, кейіннен шынайы шеберханаларда еңбек етуге баулиды. Сабақ барысында жастардың қателіктерін түзетіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Уақыт өте олар дербес жұмыс істей бастайды, бұл болашақ мамандардың кәсіби білігін арт-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

тырады. Студент Дмитрий Климов өз мамандығы жайында айта кетті.

– Мен сантехника мамандығын тандадым, өйткені бұл сала әрқашан қажет. Чемпионаттарда бақ сынап, бірінші орын алғаным бар. Қазір халықаралық деңгейде өнер көрсетуге дайындалып жүрмін. Колледж маған үлкен мүмкіндік берді, мұғалімдеріміз көп нәрсеге үйретті. Болашақта өз компаниямды ашып, елге пайдалы кәсіпкер болғым келеді, – деді ол.

Колледждің ең үлкен артықшылықтарының бірі – дуальді оқыту жүйесі. Яғни студенттер тек теориялық біліммен шектелмей, серіктес кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өтеді. Бұл тәжірибе жиһаз фабрикаларынан бастап IT-компанияларға дейін қамтиды. Мұндай әдіс жас мамандардың кәсіби тұрғыда жетілуіне, болашақта жұмысқа тез бейімделуіне мүмкіндік береді. Оқытушы Жанар Қаратаева студенттердің еңбекке деген ынтасын ерекше атап өтті.

– Жастарды қарапайым сызбадан бастап, күрделі құрылыс жұмыстарына дейін

үйретеміз. Алғашқы күндері бақылап қана жүрсе, уақыт өте өздері еркін жұмыс істей бастайды. Қазіргі жастардың еңбекке деген ынтасы зор, олар мамандықты жүрек қалауымен тандап жатыр. Президентіміз айтқандай, жұмысшы кадрлар қоғамның тірегі болуы керек, – дейді ол.

Мастер Алмас Құрниязов та студенттердің жетістіктеріне тоқталды:

– Біздің шеберханалар заманауи құрылғылармен жабдықталған. Металл өңдеу, дәнекерлеу және құрылыс жұмыстарында студенттер халықаралық деңгейде дайындалады. Былтыр біздің шәкіртіміз Францияда өткен WorldSkills чемпионатында жүлделі орын алды. Биыл тағы бірнеше студентіміз шетелге жолдама алып отыр, – деді ол.

Алматы құрылыс-техникалық колледжі бүгінгі таңда тек білім беріп қана қоймай, жастардың болашағына жол ашып отыр. Дуальді оқыту жүйесі арқылы студенттер теориямен бірге өндірісте тәжірибе жинақтап, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті маман болып шығуда.

АССАМБЛЕЯ – 30

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

ТАТУЛЫҚ
және
ТҰРАҚТЫЛЫҚел бірлігін нығайтудың
негізгі тірегіАяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Іс-шараға Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінің өкілдері, заңгерлер, құқықтанушылар, ғылыми қызметкерлер мен сарапшылар жиналды. Сондай-ақ, АҚШ, Италия, Грекия, Әзербайжан, Грузия, Беларусь, Ресей, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан және басқа да елдерден белгілі ғалымдар мен құқықтанушылар онлайн-режимде қатысып, пікір алмасты.

Конференцияның негізгі мақсаты – Қазақстанның конституциялық құрылымының соңғы отыз жылдағы дамуына құқықтық және ғылыми тұрғыдан баға беру, қол жеткізілген жетістіктерді саралау және болашақтағы өзекті міндеттерді айқындау. Жиында Конституцияның құқықтық мемлекетті нығайтудағы рөлі кеңінен талқыланып, конституциялық заңнамадағы негізгі реформалар мен өзгерістер сарапталды. Сонымен қатар, халықаралық стандарттарға сәйкес адам құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту мәселесі қозғалып, шетелдік мамандардың тәжірибесі ортаға салынды. Спикерлер Қазақстан халқы Ассамблеясының ел бірлігін нығайтудағы ерекше маңызына тоқталды. Олар Ассамблеяның үш онжылдықтағы қызметі этносаралық татулықты сақтап, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықтың негізгі тірегіне айналғанын атап өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанділдә ӘЖІҒАЛИҰЛЫ,
Этномедиация Кеңесінің
Төрағасы, «Халықаралық құқық
қорғау орталығы» РҚБ президенті:

МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Бұл конференция Қазақстан Конституциясының 30 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған маңызды шара болып отыр. Біз еліміздің конституциялық дамуына баға берумен қатар, шетелдік әріптестерімізбен тәжірибе алмастық. Әр елдің өз ерекшелігі бар, бірақ ұқсастықтар да аз емес. Осы пікірталастар арқылы ортақ тұстарды тауып, жаңа бағыттарға жол ашамыз. 2019 жылдан бастап этномедиация бағыты Қазақстан халқы Ассамблеясына жүктелген болатын. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен бұл сала жүйелі түрде дамып келеді. Бүгінде Қазақстан этномедиация бойынша нақты мақсаттары мен міндеттері айқындалған елдердің бірі.

Бұл – қоғамдағы тұрақтылық пен татулықты сақтауға бағытталған маңызды қадам. Конференцияға офлайн форматта 30-дан астам адам, соның ішінде 10-нан аса шетелдік қонақ қатысты. Барлығы 50-ге жуық қатысушы бас қосты. Әр баяндамашыға уақыт беріліп, еркін пікір алмасу өтті. Ең бастысы – біз мұндай кездесулер арқылы ғылыми тәжірибемен қатар, медиаация саласындағы халықаралық ынтымақтастықты да дамытуға жол ашамыз.



«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС:

Алматыда қоғамдық бағдарлама аясында ерекше шара өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Іс-шара қала ортасын тыйым салынған заттарды жарнамалайтын жазулардан тазартуға және азаматтардың нашақорлыққа қарсы белсенді ұстанымын қалыптастыруға бағытталды.

Игі іске қала тұрғындары, еріктілер және белсенді барлық мүдделі азаматтар қатысты. Акция барысында қоғамдық орындар мен ғимараттардың қасбеттерінде бірнеше жазу боялды.

Ұйымдастырушылар мұндай науқандар қауіпсіз және таза қала ортасын құруға ықпал етіп қана қоймай, жастардың теріс көріністермен күресудегі жауапкершілігі мен ынтымақтастығы мәдениетін қалыптастыратынын баса айтты. Кезекті іс-шарада қатысушылар Әуезов ауданы аумағындағы сыртқы жарнамаларды алып тастауға жұмылдырылды.

– Бізде арнайы жедел құрам бар. ҚР Қылмыстық кодексінің 296-бабы (есірткі заттарын насихаттау немесе заңсыз жарнамалау) бойынша жаза – 6 жылға дейінгі бас бос-



тандығынан айыруды көздейді. Жыл басынан бері аталған бап бойынша 14 қылмыстық іс тіркелді, – деді Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Дәурен Асқарұлы.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

халық үшін қызмет етеді

Алматының Қоғамдық даму басқармасы Қоғамдық даму орталығының бастамасымен қала күніне орай «Мен – алматылықпын» жобасы аясында «Әлеуметтік жобалар – ортақ игілік үшін» атты кездесу өтті.



Дана
САДЫРҚАН

Кездесу мақсаты – әлеуметтік жобалардың маңызын кеңінен насихаттау, азаматтық бастамаларды қолдау тетіктерін талқылау және қоғам игілігі жолында ортақ іс-қимылға ынталандыру.

Іс-шараның басты қонағы – «Алматы Азаматтық альянсының төрағасы», ҚБТУ бизнес-мектебінің профессоры, Алматы қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, әлеуметтік жобалар мен азаматтық бастамаларды қолдауға елеулі үлес қосқан Қайыржан Саясатұлы.

Кездесу барысында әлеуметтік жобалардың қоғамдағы рөлі, азаматтық белсенділікті арттыру жолдары және әлеуметтік жауапкершілік мәселелері талқыланды. Жиынға жастар, белсенді азаматтар және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

– Жоба негізінен, Алматы қаласы бойынша өткізіліп



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жатыр. Қоғамдық даму орталығының тапсырысымен іріктеуден өтіп, тізімге іліндім.

Қоғамдық қайраткер ретінде болашақ жастарға қажет болатын тәжірибемді жеткізіп, мегаполистен бөлек өзге де қала тұрғындарына әлеуметтік жобалардың тиімді екенін айтқым келеді. «Алматы Азаматтық альянсы» ретінде біз үкіметтік кеңес ұйымдарының ассоциациясымыз. Бүгінгі жиында еліміздің басқа да қалаларындағы мәселелерді шешуде аталған әлеу-

меттік жобалардың атқаратын рөліне айрықша тоқталамыз.

Мақсатымыз – отбасыларға, әйелдер мен балаларға, жастарға, азаматтар мен азаматшаларға құқықтық консультация беру. Бүгінде тұрақты даму мақсаттарына бағытталған әлеуметтік бастамалар жүзеге асырылуда. Соңғы 3 жылда әлеуметтік жобалардан хабар беретін деректер базасын құрып, Power BI негізінде 19 дашпорт жарияладық, – деді Қайыржан Саясатұлы.

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ–

дамудың басты бағдары

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған брифинг болып өтті. Пресс-конференцияның спикері – Алматы қаласы Азаматтық альянсының төрағасы, қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі Қайыржан Әбдіхалықов. Ол азаматтарды конституциялық міндетін ұмытпауға шақырып, елдің негізгі Заңының тұрақтылығы мен өзектілігін атап өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

– 30 жыл ішінде біз Қазақстан Республикасының Конституциясы – тұрақты әрі өміршең құжат екеніне көз жеткіздік. Ол елмен бірге дамып, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге жауап беріп келеді. Конституция – бұл жай ғана ереженің жиынтығы емес.

Бұл – билік тармақтарының мәртебесінен бастап, әр азаматтың құқығы мен міндетіне дейінгі үлкен жүйе. Ол біздің демократияға, адамгершілік пен әлеуметтік әділдікке негізделген мемлекет ретіндегі болмысымыз. Реформалардың нәтижесінде азаматтарды мемлекетті басқаруға қатыстыратын жаңа тетіктер енгізілді.

Ашықтық, жариялылық, биліктің есеп беруі – бұл құр ұран емес, бүгінде нақты жұмыс істеп тұрған қағидалар. Консти-

туция бізге құқық берумен қатар, міндет те жүктейді. Мемлекеттің игілігін көріп, осы елде өмір сүріп жатсақ, Конституцияда көрсетілген міндеттерімізді де орындауға тиіспіз, – деді Қайыржан Әбдіхалықов.

Спикердің айтуынша, Конституция – заңнамалық жүйенің іретасы ғана емес, сонымен қатар азаматтар мен мемлекеттік институттардың өмір сүру қағидаттарын айқындайтын маңызды құжат. Қазіргі уақытта барлық министрлер мен жергілікті атқарушы органдардың басшылары халық алдында есеп беруге міндетті. Мұндай өзгеріс конституциялық нормалардың арқасында іске асып отыр.

Брифинг барысында соңғы жылдағы реформаларға, әсіресе, 2022 жылғы маусымда өткен референдумнан кейін енгізілген өзгерістерге айырықша назар аударылды.



Сонымен қатар, Қайыржан Әбдіхалықов азаматтық қоғамды дамытудың маңызына тоқталып, мемлекеттік бағдарламалар мен бюджет шығынын бақылауда қоғамға кең мүмкіндік беретін Қоғамдық бақылау туралы заңның қабылданғанына алғыс білдірді.

«Бұл – шын мәнінде революциялық қадам. Ол Конституцияның халық үшін жазылғанын, адам мүддесін бірінші орынға қоятын қағидаларға негізделгенін көрсетеді», – деген спикер, Конституция ресми мемлекеттік рәміз болмаса да, қоғамдық сананың ерекше нысаны ретінде қабылданатынын, әрі мемлекет пен қоғамның дамуындағы басты бағдардың бірі болуы тиіс екенін еске салды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Сымбат ОРАЗАЙ,
ерікті:

– Ерікті болып жүргеніме 3 айдан асты. Бұл іс-шараға өз еркіммен келдім. Өйткені, біз – көппіз, қала – жалғыз. Мегаполисіміздің ластанып жатқаны жанымызға батады. Сондықтан жас буын өкілдері болып біз табиғатымызды тазалап, өз қорғауымызға алуымыз керек деп ойлаймын. Мен әрбір игі іс жасаған кезде өзімді бақытты сезінемін.



Вероника СМОЛЕНСКАЯ,
ерікті:

– Аталған іс-шара қаламызда есірткінің таралуына қарсы күреске бағытталған. Біз есірткі жарнамаларын бояп, оларды жою жұмыстарын жүргізудеміз. Бүгінгі іс-шараға 30 адам қатысу жоспарланды. Бұған дейін біз Алмалы және Әуезов аудандарында болдық. Аталған жұмыс арқылы қоғамға өз үлесімізді қосып жатырмыз.

Әзірлеген Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



КОНСТИТУЦИЯ – 30

РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАУ – шалыс басқандардың түзеліп, дұрыс жолға түсуіне мүмкіндік беру

Биыл Үкімет Қазақстан Конституциясының 30 жылдығына орай рақымшылық жасалатынын жариялады. Бұл бастаманың нәтижесінде бірқатар сотталғандар түрмеден босатылып, кейбіріне тағайындалған жаза мерзімі қысқартылды. Сондай-ақ, жазасының өтелмеген бөлігі жеңіл жаза түрлеріне ауыстырылғандар да бар. Пробация қызметінде есепте тұрғандардың қатары азайды. Кей жағдайда жеңіл жазаға ауысқандар қоғамдық жұмыстарды орындаудан да босатылып, белгілі бір жауапкершіліктен еркіндік алды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Биыл 15 мыңнан аса адамға амнистия жарияланды

Биылғыны қоспағанда, Қазақстан Тәуелсіздік алғалы елде рақымшылық жасау туралы 9 заң қабылданды. Әрбір рақымшылық белгілі бір тарихи немесе саяси оқиғаларға орай жарияланып, мыңдаған сотталушы бостандыққа шықты немесе жаза өтеу мерзімі қысқарды. Ал 2022 жылғы «Қаңтар оқиғаларына қатысушыларға байланысты» рақымшылық – бір-жолғы арнайы заң болды. Жалпы жүйеге жатпайды.

● Ел тарихындағы оныншы рақымшылыққа іліккендерді жазадан босату басталып кетті. Бүгінгі таңда Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты мекемелерде Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына байланысты қабылданған «Рақымшылық жасау туралы» заң кеңінен қолданылуда.

«Биыл Конституция қабылданғанына 30 жыл толады. Осыған орай құқық қорғау құрылымдары, депутаттар мен құқық қорғаушылар сотталған азаматтарға рақымшылық жасау туралы бастама көтерді. Парламент тиісті заңды қарады, мен бұл заңға қол қойдым. Осы ізгі шараның арқасында жазасын өтеп жатқан 15 мыңнан аса адамға амнистия жарияланды. Соның екі мыңнан астамы бостандыққа шығады. Қалғандарының жаза мерзімі қысқарады. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағандар ғана рақымшылыққа ілінеді. Ең алдымен әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға, яғни баласы бар әйелдерге, егде адамдарға, кәмелет жасына толмағандарға және осы санаттағы басқа да азаматтарға кешірім беріледі. Мұны жаза басқан жандарға жасалған нақты көмек, олардың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау деп түсіну қажет. Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, бұл – шын мәнінде қайырымды елге тән сипат», – деген болатын Мемлекет басшысы.

25.08.2025 жылғы жағдай бойынша Алматы қаласы бойынша ҚАЖ департаментінің №11 және

№13 мекемелерінде және №72 мекемесінің шаруашылық қызмет көрсету жасағында 554 адам жазаларын өтеуде.

Тергеу изоляторында барлығы 1622 адам ұсталады, оның ішінен қылмыстық қудалау және сот органдары 59 адамды тергеу изоляторынан босатты. Жалпы, ҚАЖ департаментіне қарасты мекемелерден тек 141 адам рақымшылыққа ілігеді, оның ішінде 30 сотталған босатылуға, 111 адамның жазасы қысқартуға жатады.

Алматы қаласындағы балалар колониясы бойынша 15 сотталған бала рақымшылық туралы заңға іліксе, оның ішінде біреуі босатылуға, қалғандарының мерзімі қысқартылуға жатады.

Алматы қаласы бойынша пробациялық қызмет бақылауына алынған 2600-ден астам сотталғанның ішінде 900 адамға «Рақымшылық заңы» қолданылады. Оның ішінде 253 сотталған босатылуға жатса, 647 адамның жазасы қысқартылады. Аталған заң талаптары бойынша пробация тарапынан рақымшылыққа ілігетін сотталғандардың ісі қарау және процессуалдық шешім қабылдау үшін аудандық соттарға жолданады.

26 тамыздағы жағдай бойынша пробация қызметінен Алматы қаласының аудандық соттарына 551 іс жолданды. Оның ішінде, 235 іс босатылуға, 316 іс қысқартылуға жатады. Сотқа жолданған істердің ішінен 289 іс қаралып, шешім шығарылды.

«Әрбір адам заңға бағынып, қателікке ұрынбауы тиіс»

Біз Алматыда рақымшылыққа ілігіп, бостандыққа шыққан Ербол есімді сотталушымен әңгімелескен едік. «Мен жаза басып, қылмыс жасағаным үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 193 және 147-баптары бойынша үш жыл, алты айға сотталдым. Жазамды Алматы қаласындағы қауіпсіздігі барынша төмен №13 түзету мекемесінде өтедім. Мемлекетіміздің Конституциясының 30 жылдығына орай қабылданған «Рақымшылық туралы» заңның арқасында рақымшылыққа ілігіп, мерзімінен бұрын бостандыққа шықтым. Бұл – мен үшін үлкен өмірлік сабақ әрі жаңа бастамаға жол ашқан мүмкіндік болды.

Жаза өтеу мерзімінде Алматы қаласында орналасқан автоклавты газдалған бетон блок шығаратын «Автоклав KZ» зауытына жұмысқа орналастым. Сол жерде еңбек ете жүріп, маған қоғамға қайта бейімделуге, пайдалы іспен айналысуға мүмкіндік туды. Бостандыққа шыққанымда екі нәрсеге қатты қуандым.

Біріншіден, мемлекет тарапынан жасалған рақымшылықтың



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

арқасында ертерек босап, отбасым мен туған-туыстарыммен қауышқаным. Екіншіден, «Автоклав KZ» зауытының басшылығы мені сеніммен қарсы алып, қайта жұмысымды жалғастыруға рұқсат бергені. Бұл – қоғамға қажет екенімді, еңбегімнің бағаланатынын сездірді.

Тағдырдың қия жолына қайта түспей, адал еңбектің арқасында өз болашағымды құруды мақсат еттім. Қателіктерімді қайталамай, елімнің жарқын болашағына кішкентай болса да үлес қосуға талпынамын. Бостандықтың қадірін шынайы түсінген жан ретінде айтарым – әрбір адам заңға

бағынып, қателікке ұрынбауы тиіс. Менің ең үлкен тілегім – қоғам біз сияқты жаза басқандарды сыртқа теппей, қолдау көрсетсе екен. Өйткені, әр адамға екінші

мүмкіндік қажет. Егер қоғам сотталған деп кеудеден итермей, сенім артса, біз де сол сенімді ақтауға бар күшімізді саламыз», – дейді Ербол.

ТҮЙІН:

Рақымшылық жариялау – мемлекет үшін шалыс басқан азаматты жатсыну емес, қайта оның түзеліп, дұрыс жолға түсуіне мүмкіндік беру. Әділетке негізделген елдің заңдары да осы ұстанымға сай болуы қажет. Дегенмен, халық рақымшылық – барлық түйткілді шешетін әмбебап тетік емес, тек уақытша және бір реттік шара екенін түсінгені жөн.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Кәмшат
ЕСМҰХАМЕТҚЫЗЫ,
заңгер:

Бес жыл сайын жасалуы керек

Рақымшылыққа іліккен азаматтардың соттылығы әртүрлі жағдайларға байланысты жойылады. Бұл жерде рақымшылық заңының нақты қай бап бойынша қолданылғанына қарау керек. Егер адам толықтай рақымшылыққа ілігіп, жазадан толық босатылса, онда оның соттылығы да жойылады. Мұндай жағдайда соттылығы сақталмайды, сондықтан жаза арқаламайды. Президентімізге үлкен алғысымызды білдіреміз. Сотталған азаматтарға рақымшылық жарияланып, соттылығынан босауға немесе жазасының жеңілдеуіне үлкен мүмкіндік берілді. Шалыс басқан жандарға үлкен көмек болып тұр. Неге десеңіз, біреулер жасаған әрекетінен сабақ алады, біреулер өмір бойы өкінеді, енді бірі түзеліп, дұрыс жолға түседі. Кейбірі отбасын сақтап қалуға мүмкіндік алады.

Рақымшылық бұған дейін де берілген, мысалы, Конституцияның 25 жылдығында, ал қазір 30 жылдығына байланысты жарияланды. Бірақ бұл шараның екінші жағы да бар. Мысалы, орташа ауыр қылмыс жасаған адам моральдық және материалдық шығынды өтемей, бостандыққа шығып кетуі мүмкін. Әсіресе, алаяқтықта жәбірленушіге келтірілген зиян

өтелмей қалса, мұндай жағдайда рақымшылықты орынды деу қиын. Бірақ егер қылмыскер өз еркімен шығынын өтеп, түзелуге бет бұрса, рақымшылықтың оң нәтижесі болады. Ал керісінше, рақымшылыққа іліккен кейбірі тағы да қылмыс жасауы ықтимал. Бұл жағдайда ол қайталама қылмыс – рецидив деп аталады. Мұндайда жаза күшейтіледі.

Рақымшылық кейде абайсызда жасалған қылмыстарға да қолданылады. Мысалы, жол-көлік оқиғасы салдарынан адам қайтыс болып кеткен жағдайларда да рақымшылық жасалғанын көрдік. Бұл, әсіресе, Конституцияның 25 жылдығында байқалған. Менің ойымша, жасөспірімдерге әр үш жыл сайын, ал әйелдерге әр бес жыл сайын рақымшылық жасалып тұрса дұрыс болар еді. Себебі, кәмелетке толмағандарды түрмеде көру өте ауыр, ана мен баланың түрмеде болуы – қиын жағдай. Әйелдер ер азаматтар сияқты қайтадан қылмысқа баруға бейім емес, сондықтан оларға берілетін рақымшылық көбірек болуы керек деп есептеймін. Сотталғандар көбіне өздерін қоғамға қажетсіз сезінеді. Сондықтан енді Қазақстанда отбасымен біріктіруге, қоғамға бейімдеуге бағытталған пилоттық жобалар басталуы тиіс. Түрме – жазалау орны емес, адамның қоғамға қайта бейімделуіне жағдай жасайтын орталық болуы тиіс.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖАЛҒАН ТҮСІНІК ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Қоғам денсаулығының негізі – жас ұрпақтың амандығы

Соңғы жылдары елімізде жастар арасында «сәнге» айналып, кеңінен таралып жатқан екі зиянды әдет бар. Шын мәнінде бұл – салдары уақыт өте келе тек жастардың ғана емес, тұтас ұлттың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін «жасырын дерт». Олар – вейп және энергетикалық сусын.

Дабыл қағатын жағдай

Вейптің «зияны аз» деген жалған түсінік. Бірнеше жыл бұрын электронды сигарет, яғни вейп нарыққа «темегіден зияны аз балама» ретінде шықты. Әлемнің әр елінде, соның ішінде Қазақстанда да бұл жаңалық жастарды тез қызықтырды. Бүгінде қала көшесінде, оқу орындарының жанында, тіпті мектеп оқушыларының арасында да вейп қолданушыларды жиі кездестіреміз. Алайда, медицина мамандары вейптің зиянына қатысты нақты деректерді алға тартып отыр. Никотин мен басқа да химиялық қоспалар өкпеге, жүрекке, қан қысымына орасан зиян тигізеді.

Дәрігерлердің айтуынша, вейптің құрамында формальдегид, ацетальдегид секілді улы заттар да кездеседі. Бұлар ағзаға баяу әсер етіп, ұзақ мерзімде қатерлі ісікке, тыныс алу ауруларына, жүйке жүйесінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне сүйенсек, вейпке әуестенушілердің басым бөлігі – 14 пен 25 жас аралығындағы жастар. Бұл – ерекше дабыл қағатын жағдай. Өйткені, жасөспірім кезеңде қалыптасқан әдет өмір бойы сақталып, тәуелділікке айналады.



(Сурет ЖИ)

Уақытша қуат

Жастар әуес тағы бір жасырын дерт – энергетикалық сусындар. Емтихан кезінде ұйқысыз отырған студенттен бастап, ұзақ жолға шыққан

жүргізушіге дейін бұл сусындарды жиі пайдаланады. «Ішсең, бірден ұйқың ашылады» деген пікір қалыптасқан. Әсіресе, оқушылар мен жасөспірімдер арасында энергетикалық сусынға деген қызығушылық артып келеді.

Энергетикалық сусындардың негізгі компоненттері – кофеин, таурин, қант пен түрлі химиялық дәмдеуіштер. Бір құты сусынның құрамында 4-5 шыныаяқ кофеинге тең қуат бар. Бұл жүрек соғысын жиілетіп, қан қысымын көтереді. Жасөспірімдердің ағзасы мұндай әсерге шыдамай, ерте жастан жүрек-қан тамыр ауруларына шалдығуы әбден мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы энергетикалық сусындарды 18 жасқа дейінгі балаларға сатуға тыйым салуды ұсынған. Кейбір елдерде, мысалы, Латвия мен Литвада бұл

заң жүзінде бекітілген. Ал Қазақстанда әзірге тек ұсыныс деңгейінде ғана айтылып жүр.

Жарнама мен маркетинг бар, бақылау жоқ

Жастардың вейпке және энергетикалық сусынға әуестенуінің бір себебі – әлеуметтік факторлар. Құрдастардың қысымы, уақытылы дұрыс ұйқының болмауы, әлеуметтік желідегі жарнамалар, ата-ананың назарсыздығы осы әдеттің қалыптасуына ықпал етеді. Көптеген жасөспірімдер «вейптің темекіден зияны аз», «энергетик – зиянсыз сергіткіш» деген қате түсінікпен тұтынады. Шын мәнінде бұл – жарнама мен маркетингтің ықпалы. Қаптамасы әдемі, дәмі тәтті, бағасы қолжетімді өнімге балалар да, жастар да тез әуес болады.

Қазақстанда вейпке қатысты уақытша тыйым енгізілгенімен, қара базарда немесе интернет арқылы оларды оңай табуға болады. Бұл – бақылаудың әлсіздігін көрсетеді. Ал энергетикалық сусындар дүкен сөрелерінде еркін сатылып жатыр. Вейп пен энергетикалық сусын – бүгінгі қоғамның жасырын, бірақ қауіпті дерті.

Бұл мәселенің астарында жастардың денсаулығы ғана емес, ұлттың келешегі жатыр. Егер біз қазірден бастап нақты қадам жасамасақ, ертеңгі күні жас буын әлсіз, тәуелді, аурушаң болып өседі. Жастардың энергиясы мен күш-қуаты химиялық сусыннан емес, спорттан, дұрыс ұйқыдан, салауатты өмір салтынан алынуы тиіс. Бұл жолда тек мемлекеттік органдар емес, ата-ана, ұстаз, қоғам болып жұмылуымыз қажет.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекзат ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ,
психолог:

Шын еркіндік – зиянды әдеттерде емес, өз қабілетін дамытуда

Қазіргі жастардың вейп пен энергетикалық сусындарға әуестенуі – бұл жәй ғана әдет емес, психологиялық тәуелділікке әкелуі мүмкін құбылыс. Әдетте жасөспірімдер мұндай нәрселерді «ересек болып көріну» үшін немесе құрдастарының арасында бедел жинау мақсатында қолдана бастайды. Кейбірі күйзелістен шығудың жолы ретінде де көреді. Бірақ бұл – жалған жол. Себебі, вейп те, энергетикалық сусын да адамның ішкі мәселесін шешпейді, тек уақытша көңіл-күйді өзгерткенмен, кейін екі есе шаршаңқылық пен мазасыздықты тудырады.

Психологиялық тұрғыда мұндай тәуелділіктер жас адамның ерік-жігерін әлсіретіп, шынайы қызығушылық пен өмірлік мақсаттарын кейінге ысыруға итермелейді. Ұйқысыздық, ашушандық, мазасыздық көбейген сайын жасөспірім өзіне сенімсіз бола бастайды. Мұның бәрі болашақта тұлғалық дамуға кедергі келтіреді. Сондықтан ата-ана, мұғалімдер мен қоғам болып, жастарға «шын еркіндік – зиянды әдеттерде емес, өз қабілетін дамытуда» екенін түсіндіру өте маңызды.

Жәнібек САЯЖАН,
студент:

Болашағымызға балта шаппайық

Достар арасында вейп тарту немесе энергетикалық сусын ішу қазір кәдімгі әдетке айналып кетті. Әсіресе, біздер, студенттер сабақ көп болғанда, дайындық кезінде шаршағанымызды басу үшін энергетик ішіп аламыз. Ал вейпті кейбірі мода деп, басқалардан қалыспау үшін қолданады. Басында бәрі жеңіл, зиянсыз сияқты көрінеді. Бірақ уақыт өте келе денсаулыққа әсерін сезесің: ұйқы бұзылады, жүрек соғысы жиілейді, сабаққа деген зейін төмендейді. Менің кейбір достарым вейпке қатты үйреніп кеткен, қолынан тастамайды.

Қарасаң, бұл жәй ғана әуестік емес, шынайы тәуелділікке айналып бара жатқандай. Қазір ойланып қарасам, уақытша күш-қуат пен көңіл көтеру үшін болашағымызға балта шауып жатқанымызды түсінемін. Сондықтан жастардың өзі де ойланып, зиянды нәрседен бас тартып, спортқа, пайдалы істерге көңіл бөлгені дұрыс деп ойлаймын.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ.





ТҰЛҒАТАНУ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ

5 қыркүйек – Ахмет Байтұрсынұлының туған күні

Ахмет Байтұрсынұлы – әдебиет зерттеушісі, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, ақын, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысының, Алашорда өкіметі жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895–1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, қалалық училищеде меңгеруші қызметін атқарады. Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14 500 адам қол қойған Қарқара петициясы авторларының бірі болды.

Онда «Дала ережесін» қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуын үзілді-кесілді тоқтату талабы қойылды. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды.

Тұтас буынның төлбасы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, түспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Оның негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болатын. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылтуға тырысты. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңғыртты. Ел тағдырының келешегіне алаңдаған ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылы қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында

жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы қоғамға саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Алаш партиясының бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамына енді. Орынборда өткен құрылтайда араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі болды. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. Әлі күнге құндылығын жоймай келе жатқан «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан маңызды оқулық ретінде бағаланады. Өз ұлтының болашағы үшін алаңдаған А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қарап қалмай, қам қылды.

Мәселен, «Өмірбаянында»: «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім, оны жеңілдету жолында жұмыс істедім, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қолдандым», – деп жазады.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілі білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы. М.Әуезов 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды» деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған», – деп көрсетеді.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған еді. Жарияланым авторы Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болып саналады. Ол әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауда өзінің зор үлесін қосқан тұлға.

БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Елімізде 1989 жылғы 22 қыркүйекте «Тілдер туралы» заң қабылданған еді. Ал 1998 жылы 22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні болып жарияланды. Үкіметтің қаулысына сәйкес, 2017 жылдың күзінде «Тілдер күні» 5 қыркүйекке ауыстырылды. Өйткені, бұл күн, яғни 5 қыркүйек – қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Сол себептен, 2018 жылдан бастап атаулы дата 5 қыркүйекте мерекелене бастады.

Дәл қазір біздің елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тату өмір сүріп жатыр. Бұл ретте мұндағы қазақтардың үлесі 70%-дан асады. Сондай-ақ, Қазақстанда 100-ден астам ұлтқа Ассамблея жанында тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалған. 10-нан астам этникалық топтың өз тілдерінде оқытатын мектептері

ҚАЗАҚ ТІЛІ

мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

береді», – деген еді Мемлекет басшысы. Президент қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек деп санайды. Мемлекет тарапынан қазақ тілінің қолданыс кеңістігін кеңейтуге жағдай жасалып жатыр. Бір қуанарлығы, қазақ тілін үйреніп жүргендердің саны да жылдан-жылға кө-

бар және оларды мәдени-рухани қолдау орталықтары жұмыс істейді.

«Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ – мемлекеттік тіл. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса

бейіп келеді. Әсіресе, олардың арасында өзге ұлт өкілдерін көптеп кездестіруге болады. Еліміз бойынша 111 мемлекеттік орталық жұмыс істесе, онда ересектерге қазақ тілі тегін оқытылады. Бұған қоса, қазақ тілін өз бетінше үйрену үшін Tilqural.kz, Abai.institute, Tilmedia.kz, Balatili.kz, Soyle.kz, Bala.soyle.kz,

Qazonline, Ana.tili қосымшалары жұмыс істеп тұр және тіл мәдениетін арттыру үшін «Мемлекеттік тіл және БАҚ», «Тіл шебері», «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» байқаулары, «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы және тағы басқа республикалық конкурстар жыл сайын өтеді.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», – деген еді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл қандай ұлтта болмасын әрқашан да қасиетті де құдіретті. Ол әрбір адамға ананың ақ сүтімен дарып, мәңгілік қалыптасады. Қандай мәдениет болмасын қатынас құралы ретінде де, ұлттың барша болмысы көрінген келбеті ретінде де тіл арқылы жасалған. Тіл арқылы өмір сүреді, ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан-заманға жетіп, ұлттық тұтастықты сақтайды. Сондықтан да тіл адастырмас темірқазық іспеттес.

Қазақстан – әр тілде сөйлейтін халықтардың басын біріктіріп отырған мемлекет. Сондықтан да ұлттық болмысымызды, мемлекеттік келбетімізді сақтап қалу үшін қазақ та, басқа этностар да қазақ тілі мен мәдениетінің маңайына шоғырлануы керек.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



Біздің кейіпкеріміз – халық әнінің қазынасын заманауи үнмен сабақтастыра білген, ұлттық өнердің саф өкілі – Айгүл Қосанова. Таяуда ғана Қазақстанның Халық артисі атанған дәстүрлі әнші, Президент оркестрінің солисі, оқытушы-профессормен шығармашылығы туралы ғана емес, өмірлік ұстанымы мен адами болмысы жайлы да әңгіме-лестік.



Айгүл ҚОСАНОВА:

«АЙНАМКӨЗ» – МЕНИҢ БОЙТҰМАРЫМ

– Негізі мен дәстүрлі әнші ретінде танылдым. Сол бағыт бойынша оқып, білім алдым. Сондықтан өзімді эстрада әншісімін деп айта алмаймын. Бірақ бұл бағытта да ән айтып жүрмін. Дегенмен «народниктердің эстрада айтқан кезде оның народник екені көрініп тұрады» деушілер де табылады. Егер өнер адамы өзін жан-жақты көрсеткісі келсе, оған ешкім кедергі келтіре алмас. Оның үстіне дауысыңыз келіп тұрса. Қаласа, эстрада әншісі де қолына домбыра ұстап дәстүрлі әнді шырқасын. Ал менің дәстүрлі әнші бола тұрып, эстрада жанрында да ән шырқап жүргенімді мақтаныш ететінімді жасырмаймын. Бәлкім эстрада жанрын дәл сол шеңберде айта алмайтын шығармын. Бірақ менің солай шырқағанымды халық жылы қабылдап жатса, неге айтпасқа деп ойлаймын.

Мен ең алғаш эстрада жанрында «Ән мен әнші» жобасында ән салдым. Осыдан жиырма жылдан астам бұрын ғой. Жоба жетекшілерінен «Саят Медеуов екеуіңіз дуэт орындасаңыздар» деген ұсыныс түскенде, қуана қабылдадым. Біз сонда әнді ұзақ іздегеніміз бар. Сонда белгілі сазгер Бағлан Омаров «екеуіңіздің дауысыңызға осы ән жақсы келеді» деп «Келе жатыр құс қайтып» әнін таңдап берген болатын. Дуэтті тыңдарман жақсы қабылдады. Көрерменнің ықыласына бөлену де бір бақыт!

– Заманауи сахна имиджі мен ұлттық нақышты үйлестіруде қандай қағидаттарды ұстанасыз? Сахналық көйлектеріңізді коллекция ретінде жинайсыз ба?

– Жеке стилисім жоқ, өз талғамыма сүйенемін. Әннің табиғатына байланысты киінуге тырысамын, сахналық киімді айтамын, орындайтын әніме байланысты ыңғайлаймын. Сахнаға әр шыққан сайын бір көйлек киімін деп жалған сөйлемей-ақ қояйын. Көйлек тіктіргенде көбіне бейтарап түстерді, алтын, күміс түстес маталарды таңдаймын. Оның үстінен келесі концерттерде жаңа қамзолдарды киіп шыға беруге тиімді. Жалпы, қара түсті ұнатамын. Сахнаға ғана кимеймін, ал күнделікті өмірде иығыма ілетін киімдердің көбі классикалық қара түсті.

Сахналық көйлектерімді өнерге енді қадам басқан қыздарға сыйлағаным бар. Бірақ көрінген жерде жатқанын көріп қалып, одан кейін ешкімге бермейтін болғам, сатпаймын да. Тұрмысқа шыққанда жасауыммен бірге көтеріп келген анамның сандығы бар. Қызық, кезінде сол сандық үшін анама сөйлегенім бар еді, «мама-ау, қияннан зілдей сандықты көтеріп келгеніңіз не, қоятын жерім де жоқ» деп. Қазір үйімнің төріндегі ең құнды жиһазым – сол сандық. Аялап ұстаймын. Бұрынғы сахналық көйлектерім, тіпті жиырма бес жыл бұрынғы той көйлегім де сол сандықта сақтаулы. Қыз ұзатылғанда міндетті түрде сандығы болуы тиіс деп ойлаймын. Ол біздің ұлттық болмысымыздың айғағы. Айшамыз ұзатылғанда да ең әдемісін таңдап, апарып бергенмін. Ол да қатты қадірлейді, соған қуанамын.

– Репертуарыңыздан ешқашан түспеген, ескірмеген үш әнді атаңызшы?

– Мені «Айгүл Қосанова» қылған – «Айнамкөз». Кенже қызымның да аты – Айнамкөз. Осы әнімнің құрметіне қойдым. Айша тұңғышымыздың есімі үлкен енеміздің, яғни жолдасымның әжесінің құрметіне қойылған-ды. Одан кейін өмірге келген ұлымыз қайтыс болып кетті. Одан кейінгі ұлымызды ғұмырлы болсын, тұрсын деп Тұрлан қойғанбыз. Одан кейінгі қызымыздың есімін өзім қойған ендім – Айнамкөз деп. Ол тұста мұндай есімдер жоқтың қасы еді.

Мені эстрада жанрында танытқан әндердің бірі – «Қаздар қайтқанда». Негізі, эстрададағы әндерімнің бәрі құстармен байланысты екен ғой. «Құс қайтыпты», «Шағала» да тыңдармандарым ең көп сұрайтын әндерім.

Консерваторияда 91–95-жылдары оқыдым. Ұлықпан Жолдасов сол кезде ауыл жақтың бір қызы бар екен дегенді сыртымнан естіп жүрген екен, жазғы демалыста ауылға барған сапарымда екеуміз бір тойда кездесіп қалдық. «Сенің мүмкіндігің мол, эстрадаға кел» деп ән ұсынды. Қоңыр домбырамды құшақтап дәстүрлі ән шырқап жүрген мен эстрада жанрын жатырқаушы едім. Бірден ат-тонымды ала қаштым. Ұлықпан әріптесім қазір де айтады, «Сен сол кезде эстраданы

бастап кетуің керек еді» деп. Ол тұста менің мүмкіндігім де, тәжірибем де жоқ болған шығар. Сондықтан өкінбеймін.

Керісінше сол кезде дәстүрлі ән өнеріндегі қанатымды бүгінгідей қатайтып, орнымды белгілеп алып барып эстрадаға келгенім жөн болды-ау деп ойлаймын, кей-кейде.

– Домбыраңызды «қызғанасыз» ба?

– Домбырам – менің өмірім. Бұл – менің аспабым, тіпті риздығым. Сондықтан сұраған адамға бере саламын деп айта алмаймын. Мұны қызғаныш деп айта алмаспын. Бірде бір әріптесіме бергенім бар. Біразға дейін домбырам өзіме бағынбай, құлақ күйін келтіре алмай әбден қиналғанмын. «Домбырам маған ренжіген болар» деп ойладым іштей сонда. Байқауымша, мені көп адам, тіпті студенттерім де сырт келбетіме қарап өте қатал адам деп ойлайды. Сондықтан ешкім менен домбырамды сұрай қоймайтын шығар. Сұрап келген күнде де бере алмайтынымды бірден айтамын.

– Турашылдығыңыздан «таяқ жеген» сәттеріңіз болды ма?

– Әрине, болды. Бірақ жаратылысыңыздан асып ешқайда бара алмайсыз. Бұл менің кемшін тұсым шығар, бәлкім. «Бекер айттым ба екен» деген сәттерім де болады. Бірақ турашылдығыңыздан еш адам зиян шекпеуі керек. Турасын, әділдігін айтсаңыз, қайта ол сол адамға ой салып жатса, жаман ба?!

– Студенттеріңізге ең жиі қайталап отыратын сөзіңіз?

– Мені олар ең қатал, талапшыл ұстаз ретінде жақсы біледі. Ал күнделікті музыкалық сабақ, дәрістен бөлек, қыздарға оқу бітіріп алмай тұрып тұрмысқа шықпандар дегенді жиі айтамын. Бұл ойым біреуге дұрыс, біреуге бұрыс. Бірақ мен қазақ қыздарының білімді, көзі ашық болғанын қалаймын. Ал білімді, заманауи арулар – болашақ зерделі, саналы балалардың анасы. Алдағы уақытта құрсағында ұлттың ұрпағын көтеріп жүретін қазақ қыздарының иығында елдің, ұлттың салмағы тұрады. Бізде бірінші, екінші курста тұрмысқа шығып алып, одан сәбилі болып, сөйтіп сабағынан бір, тұрмысынан екі мән қашып, баяғы сезімге күйкі тіршілік көлеңкесін түсіріп, жүнжіп кететін қыздар да болады. Сондықтан ең жиі қайталайтын сөзім – оқуға түстің екен, сапалы, кәсіби білім алуға ұмтыл, сосын қалғаны толысқан ақыл, біліміңмен өзі-ақ келеді.

– Тойға шығасыз ба?

– Тойға шығамын. Сізді таңдап, қалап, тыңдағысы келіп шақырса, неге бармасқа?! Ән айту – менің жұмысым. Біз көптің қошеметінен шабыт аламыз. Қазіргі күні қазақтың қазыналы тойларында айтатын әндер жазып жатырмын.

– Анадан не алдыңыз? Әкеден не түйдіңіз?

– Әкем марқұм көп сөйлемейтін жан еді. Турашылдығым, бірсөзділігім сол кісіге тартқан болар. Мен ауылдың шаң-топырағын жалаңақ кешіп жүріп жүгірген, еркін өскен баламын. Анам қазір ғана оттан түскен, табадан шыққан ыстық нанды шүберекке орап, сәкіге сүйеп қоятын. Кастрюльге шұбат құйылып, қасында бір кесе тұратын. Ойнап жүрген біздің келетінімізді біліп дайындап қойған.

Қазіргі бала бір-бірінің кесесінен, қасығымен ішпейді ғой. Ол кезде бәріміз шұрқыраса жүгіріп келіп, шаң-шаң, айғыз-айғыз қолымызбен ыстық нанды шетінен үзіп-үзіп алып, аузымызға бұралай тығып жіберіп, әлгі кесеге бір ожау шұбатты құямыз да, кезектесіп сіміріп аламыз. Сосын қайтадан құлдырандай жүгіріп кетіп, ойынға қойып кетеміз. Егер маған балалық шағыңды қайта таңдау мүмкіндігі туып тұр десе, еш ойланбастан сол өзім сүріп кеткен шырын шағымды аттай қалап алар едім. Балалығымды жиі сағынамын. Ойласам, жүрегімді нұрға, жанарымды жасқа толтыратын құдіреті бар. Ал анамнан талапшыл мінезі дарыған болар.

Жылда жазда демалысқа бара жатқанда анама «мама, бауырсақ пісіріп қойыңызшы» деп қоңырау шалатынмын. Қара суға ғана илеп пісіретін бауырсағын әлі күнге іздеп тұрамын. Анам мен келеді дегеннен-ақ бауырсақ пісіре бастайды екен қазір де.

– Өміріңізде естен кетпес ең әсерлі сыйлық?

– Сыйлықтың түр-түрі бар ғой, қымбат ішік, әшекей бұйымдар деген сияқты. Ал мен үшін ең ғажап сый – тұңғышымыз Айшаның өмірге келуі болды. Ол тұста қазіргі жастар секілді көп нәрсені білмеген екенбіз, қызыммен бірге жылап, бірге күліп, бірге өсіпін ғой.

– Неден қорқасыз?

– Іздеусіз қалудан қорқамын. Егер концерттерге шақырылмай қалсам, ол маған ауыр тиген болар еді. Сондықтан шынымды айтсам, телефонымды да өшірмеймін. Сахна – менің демім, тынысым. Сол үшін өзімді таусылғанша сарқа пайдалануды мақсат еткен адамын. Өнерімді бағалайтын тыңдарманым үшін ешқашан шаршамайтыным анық. Себебі, адам бұл өмірді бір-ақ рет сүреді.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!

(Сұхбаттың толық нұсқасын «Aqshamnews.kz» сайтынан оқи аласыздар).

Нұржамал ӘЛІШ,
журналист.



– Биылғы қуанышыңыз, марапатыңыз құтты болсын! Танымал болу қаншалықты қиын? Қазір әлеуметтік желі деген «құдірет» бар, басқан ізіміздің бәрі көпшіліктің көз алдында. Оғаш әрекетке ұшырап қалмайын деп тартынамын, өзіңізді шектейтін кездеріңіз бола ма?

– Рахмет! Мен ұстаз болғандықтан шәкірттерімнің алдында оғаш нәрсе істемеуге тырысамын. Олар маған қарап бой, ой түзейді, сондықтан көп нәрседен тартынамын. Ол рас. Қоғамдық орындарда, сауда нүктелерінде ел танып, амандасып жатады. Көптің алдына, күнделікті өмірде боянбай да шыға беремін. «Сізді танымай қалдық қой, теледидарда басқа, өмірде басқа екенсіз» деп жататындар да бар. Ол мен үшін қалыпты жағдай. Бәрі тануға міндетті емес. Мен барынша табиғи болуға, қандай адаммын, солай көрінуге ұмтыламын. Өмірлік ұстанымдарымның бірі – шынайы болу.

Негізі, әлеуметтік желіге мүлдем жақын емеспін. Ең алғаш мені «Ел алдында жүрген тұлғалардың бірісіз. Күнделікті өміріңіздің көпшілікке ұсынатын жарқын да қызықты сәттері өте көп. Әлеуметтік желі деген жақсы дүние, инстаграмға тіркеліңіз» деп әбден үгіттеген ізетті інім, өнердегі әріптесім Ақылбек Жеменей еді. Бірақ мән бере қоймадым. 2015 жылы Астанада жеке концертімді беретін болдым. Соны хабарлау, жарнамалау үшін қосылғаным бар. Егер парақшамды байқаған тыңдарманым, оқырмандарыңыз болса, дастарханымды, отбасымды немесе кигенімді, барған-келгенімді емес, тек өнер әлеміндегі жаңалықтарымды саламын. Өйткені, ол менің таза шығармашылығымға арналған парақша.

– Сіз үшін дәстүрлі ән мен эстраданың тепе-теңдігін табу қаншалықты маңызды? Қайсысы жаныңызға жақынырақ?

Бұл – жаңа орта, жаңа мұғалімдер мен ережелер. Ата-аналар үшін бұл – толқу мен үміт: «Жаңа ортаға бейімделе ала ма?», «Бұрынғы қиындықтар қайталанбай ма?» деп алаңдайды. Ал бала үшін бұл – бір жағынан сынақ, екінші жағынан жаңа кезеңді бастап, достар тауып, өзін жаңа қырынан көрсету мүмкіндігі. Психологтар мектеп ауыстырудың себебі жақсы болған күннің өзінде бұл бала үшін бәрібір күйзеліс болып саналатынын айтады. Ата-ананың осы кезеңде баланы қалай қолдайтыны оның жаңа ортаға қаншалықты сәтті бейімделетініне тікелей әсер етеді. Біз мектеп ауыстыруға баланы қалай дайындау қажеттігі, қандай қателіктерге жол бермеу және баланы қалай қолдау керектігі туралы «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының аға оқытушысы, практик-психолог Әйгерім ДӘУЛЕТПЕН әңгімелескен едік.

ЖАҢА ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ:

Мектеп ауыстыру – бала үшін де, ата-ана үшін де маңызды қадам

«Балам ол жерде өзін қалай сезінеді?»

– Мектеп ауыстыру балаға қаншалықты ауыр тиеді?

– Жаңа ортаға ауысқанда бала сырттай салқынқандылық танытса немесе керісінше, өзгерістерге қуанышын білдірсе де, ішкі жағынан ол ауыр эмоционалды қысыммен бетпе-бет келеді. Ол үшін бәрі өзгереді – таныс кеңістік, мұғалімдермен қарым-қатынас жүйесі, топтағы рөлі. Әрине, бала үшін бұл – «қуаныш аймағын» жоғалту, ал кез келген таныстықпен қатар уайым да жүреді. Балалар тек жаңа ортадан ғана емес, сондай-ақ сыныптастардың оларды қалай қабылдайтынын, оқу бағдарламасына бейімделіп, өзін көрсете ала ма, оқшауланып қалмай ма деген қорқыныштан да қорқады.

Алайда, күйзелістің әрдайым теріс сипатта болатынын түсіну маңызды емес, ол әлеуметтік дағдылардың дамуына, өсуіне ынталандырушы ретінде де әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге, күйзелістің дәрежесі баланың жас ерекшелігіне байланысты екенін ұмытпау қажет. Мысалы, кіші сынып оқушылары (7–10 жас) сынып жетекшісінің өзгеруіне өте сезімтал, достарын жоғалту қорқынышын сезеді. Орта мектеп оқушылары, негізгі әрекет саласының өзгеруіне байланысты, әсіресе, сыныптағы ортаға – достарға бейімделуге байланысты күйзеліс сезінеді, яғни «өз орнын табу» қажеттілігімен байланысты. Ал жоғары сынып оқушылары көбіне оқу, емтихандар мен болашаққа алаңдайтын, мұнда күйзеліс когнитивтік сипатқа ие: «Мен істей аламын ба?» деген сияқты. Барлық жағдайларда ата-аналарға осы жас ерекшеліктерін түсіну өте маңызды, сондай-ақ балаға жаңа ортаға бейімделуге көмектесу қажет. Сондықтан мектеп ауыстыру әрдайым ата-аналардың мұқият қадағалауын талап етеді, өйткені олардың қолдауы бейімделудің қаншалықты жайлы өтуіне байланысты.

– Сіздің тәжірибеңізде жиі кездесетін мектеп ауыстыру себептері қандай?

– Себептер өте көп және әр түрлі болуы мүмкін. Жиі кездесетін себептердің бірі – отбасының көшуі. Мұнда балада таңдау жоқ, ал ата-ананың міндеті – ауысуды мүмкіндігінше жеңілдету. Ата-аналардың білім сапасын жақсартқысы келуі де мектеп ауыстырудың жиі кездесетін себебі. Мысалы, гимназияға, лицейге немесе тереңдетілген пәндерді оқытатын мектепке көшу. Сондай-ақ, ұжымдағы қиындықтарды атап өту керек, мысалы, буллинг, оқшаулану немесе мұғаліммен қақтығыс. Бұл өте маңызды

себеп және мұнда тек мектеп ауыстыру жеткіліксіз – жағдайдың не үшін пайда болғанын түсініп, баланы болашақта онымен қалай күресуге үйрету маңызды. Баланың ерекше қажеттіліктері де себеп болуы мүмкін. Кейде басқа тәсілді қолданатын, сыныптағы оқушылар саны аз немесе мамандардың қолдауы күшті мектеп қажет болады. Ең бастысы – ата-аналар өздері ауысудың нақты себебін түсінуі тиіс. Бұл баламен сөйлесуге, оның уайымын азайтуға көмектеседі.

Қалай жәрдемдесу керек?

– Ата-аналар баланы жаңа мектепке алдын ала қалай дайындағаны дұрыс?

– Мұндай жағдайда ең бастысы – дайындық. Дайындық қаншалықты ерте басталса, бейімделу де соншалықты жеңіл болады.

Мен мынадай қадамдарды ұсынамын. Ашық сөйлесу. Мектеп ауыстыру себебін қарапайым тілмен түсіндіріңіз. Ештеңені жасырмай, шындықты айту маңызды – бала шынайылықты сезінуі керек. Жаңа мектеппен алдын ала таныстыру. Мектеп айналасын бірге аралап көріңіз, ішіне кіріп, мұғалімдермен танысыңыз. Осылайша 1 қыркүйекке дейін мектеп балаға «өз ортасы» болып көрінеді. Жағымды жақтарын талқылау. Жаңа достар, қызықты үйірмелер, бәрін қайтадан бастау мүмкіндігі – мұның бәрін бірге әңгімелеңіздер. Танысу дағдыларын үйрету. Ойын түрінде жағдайларды қайталаңыз: сыныптасына қалай жақындауға, өзіңді қалай таныстыруға, не айтуға болатынын үйретіңіз. Өзін-өзі сенімді ұстауды дамыту. Баланың мықты жақтарын атап отырыңыз: «Сен адамдармен тез тіл табыса аласың», «Сенің әзіл-қалжыңың жақсы».

– Ал мұндай жағдайда не айтуға немесе не істеуге болмайды?

– Кейде ата-аналар, өздері байқамай, баланың бейімделу процесін қиындатып жібереді. Мәселен, бұрынғы мектеппен салыстыру және «бұрынғы мектепте жақсы еді» немесе «мұнда сондай бола ма екен» деген сөздер тек уайымды күшейтеді. Қателікті баланың мойнына арту сенім мен өзін-өзі бағалауын бұзуы мүмкін. «Жаңа мектепте балалар жаман болуы мүмкін» немесе «жеңіл болады деп үміттенбе» сияқты теріс болжамдардан аулақ болыңыз – бұл қорқыныш қалыптастырады. Топқа бірден ену мен бейімделуді күтпеңіз. Бұл процесс ересектер үшін де қиын, балалар үшін тіпті күрделі. Бейімделу бірнеше айға созылуы мүмкін. Ата-ананың сөздері баланың «ішкі дауысы» болып



(Сурет – автор).

қалатынын ұмытпаңыз. Егер анасы мен әкесі сенімділік пен тыныштықты көрсетсе, балаға жаңа және жақсы нәрсе күтетінін қабылдау әлдеқайда оңай болады.

Үйді ерекше қауіпсіздік аймағына айналдырыңыз

– Алғашқы айларда қолдаудың ең маңызды қадамдары қандай?

– Күнделікті баланың өзіне, оның сезімдері мен ой-пікірлеріне қызығушылық танытыңыз. Мысалы, «Бүгін саған не қызықты болды?», «Өзіңді қалай сезінесің?» деген сұрақтарды «Бағаларың қалай?» немесе «Бүгін мектепте қандай жаңа дүние үйрендің?» деген сұрақтардың орнына қойыңыз.

Үйді ерекше қауіпсіздік аймағына айналдырыңыз, онда бала өзін тыныш және қорғалғанын сезінсін. Үйде мектеп пен бағаларды талқыламаңыз. Маңыздысы, балаға отбасының оны қабылдайтын, қолдайтын орын екенін сезіндіру. Оқуға жұмсақ қолдау көрсетіңіз. Жаңа мектепте оқу бағдарламасы мен талаптар әртүрлі болуы мүмкін. Қысым мен кінәлау орнына ақпаратты бірлесе қайталау, репетитор немесе үлкендердің көмегін ұсыну арқылы оның біліміндегі олқылықтарды біртіндеп толтыруға болады. Балаға қарым-қатынасқа бастамашылық жасауға мүмкіндік беріп, жаңа таныстарын үйге шақырыңыз, бірлесе серуендеу немесе үйірмелерге баруды ұсыныңыз. Балада неғұрлым көп позитивті байланыс болса, соғұрлым тезірек ол топтың «өз ортасы» екенін сезіне бастайды.

– Ал егер мектеп ауыстыру себебі бұрынғы мектептегі қиындықтармен байланысты болса – мысалы, буллинг немесе жанжалдар – оларды қайталамау үшін не істеу керек?

– Бұл өте маңызды сұрақ. Мектеп ауыстыру әрдайым мәселені шешпейді. Егер бала буллингке ұшыраған болса, мына қадамдарды жасау керек: жағдайды талдау. Баламен сөйлесіңіз, психологтың көмегімен болса жақсы, баланың қандай сезімде болғанын түсіну маңызды. Қорғану дағдыларын үйрету. Қорлаушы сөздерге қалай жауап беру, «тоқта» деп қалай айту, көмек сұрауды үйрету.

Өзін-өзі бағалауды нығайту. Жетістіктерін мақтап, өзіне деген сенімін қолдау. Мұғаліммен ынтымақтастық. Бала тәжірибесін алдын ала айтып, педагогтан бейімделуге көмек сұрау. Ең бастысы – баланың өткен тәжірибесін жасырып қалмау, керісінше сабақ алу. Әйтпесе, бала қайтадан осал жағдайға тап болуы мүмкін.

Ең бастысы – тірек болу

– Бала жаңа мектепке бейімделе алмай жатса не істеген жөн?

– Алаңдатарлық белгілерге назар аудару қажет: бала үнемі мектепке барғысы келмейді немесе сылтау іздейді; Медициналық себепсіз «басы немесе іші ауыратынын» айтып, шағымданады; Өз сезімдерімен бөліскісі келмейді, өзімен өзі тұйықталып қалады; Агрессивті немесе керісінше, шамадан тыс жылағыш болады; Оқуға қызығушылығы күрт төмендеп, бағалары нашарлайды; Достар табуға тырыспайды, сыныптастарына үнемі шағымданады. Егер мұндай белгілер бір айдан артық сақталса, мектеп психологына немесе сыртқы маманға жүгіну қажет.

Сіз балаңыздың жаңа мектепке бейімделу деңгейін талдау үшін шағын сауалнама ұйымдастыра аласыз. Бала мектепке қорықпай немесе қарсылық көрсетпей бара ма? Жаңа достары немесе таныстары бар ма? Күнделікті болған оқиғалармен бөлісе ме? Оқу мен үйірмелерге қызығушылығы бар ма?

Баланың жалпы көңіл-күй тұрақты ма? Егер бұл сауалдардың көпшілігіне жауапты «жоқ» деп берсе, бұл бейімделудің қиын жүріп жатқанын және баланың өзін қолдауға мұқтаж екенін көрсететін белгі.

– Мектеп ауыстыратын балалардың ата-аналарына қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең бастысы – бала үшін тірек болу. Жаңа ұжымға, ережелер мен талаптарға бейімделу кезінде, оған «сенімді тірек» қажет болады. Сол тірек – сіз боласыз. Тыныштық сақтаңыз, баланың қабілетіне сенім білдіріңіз. Бала жаңа сыныпқа бірден толық еніп кетеді деп күтпеңіз – бейімделу бірнеше апта, кейде бірнеше айға созылуы мүмкін. Оқиғаларды асықтырмау маңызды, әр күн сайын «мен қасыңдамын, сен жалғыз емессің» дегенді көрсету қажет. Естеріңізде болсын, бала үшін ең маңыздысы мінсіз мектеп емес, үйде оны қабылдайтын, түсінетін және қолдайтын орта. Міне, осы сезім кез келген өзгерісті дамудың жаңа мүмкіндіктеріне айналдырады.



Ернұр РЫСБАЙ.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – БАҚЫТТЫ МЕМЛЕКЕТ»

Мақсат – балалар қауіпсіздігі және әйелдер құқығын қорғау

Президент тапсырмасын орындау мақсатында және құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінің қорытындысы бойынша Алматыда профилактикалық іс-шара өтіп жатыр.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

27 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында елімізде «Бақытты отбасы – бақытты мемлекет» атты республикалық науқан өткізілуде. Шараны Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алматы қаласының Отбасыны қолдау орталығы» КММ, Полиция департаменті, Білім басқармасы, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы және «AMANAT» партиясының жастар қанаты бірлесе ұйымдастырды. Тұрғындарға құқықтық кеңес беріліп, қажет болған жағдайда дағдарыс орталықтарына бағыттау жұмыстары жүргізілуде.

Алматы қаласы Отбасын қолдау орталы-



ғының директоры Сана Жандайдың айтуынша, «Отбасын қолдау орталықтары» еліміз бойынша бірнеше өңірде ашылып жатыр. Балалардың қауіпсіздігі мен әйелдердің құқығын қорғау мәселелері де қарастырылған. Сондықтан бүгінде мұндай мекемелердің

жұмысы «Неке және отбасы туралы» кодексінде нақты бекітілген. Яғни әрбір әкімшілік бірлік бар өңірде осындай орталық ашылуы тиіс.

«Мұндай орталықтардың ең басты міндеті – өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды анықтап, оларды тіркеуге алып, қолдау көрсету. Яғни біздің қызметкерлер алдымен мұқтаж жанұяларды табады, олармен сұхбат жүргізіп, отбасының нақты мәселелерін анықтайды. Кейін әр отбасы үшін жеке іс-жоспар құрылады», – деді ол.

Медеу ауданы отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы бөлімшесінің аға лейтенанты Айнұр Берікқызының айтуынша, жыл басынан бері ауданда 503 адам профилактикалық есепке алынған. Оның ішінде 60-тан астамына ерекше талап қойылып, қорғау нұсқамасы шығарылған. Бұл құжат тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол берген тұрғынның жәбірленушіге жақындауға, мазалауға немесе қысым көрсетуіне тыйым салады.

«Есепке алынған тұрғындар полицияның ақпараттық жүйелері арқылы және учаскелік инспекторлардың бақылауында болады. Жәбірленушілермен байланысты үзбей, олардың қауіпсіздігін үнемі назарда ұстаймыз. Біздің мақсатымыз – «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» деген ұстанымды қоғамға кеңінен жеткізу. Әрбір отбасының амандығы – біздің ортақ міндетіміз», – деп атап өтті Айнұр Берікқызы.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сана ЖАНДАЙ,
Алматы қаласы Отбасын қолдау орталығының директоры:

Әр ауданда мобильді топтар бар

Көбі қоғам тарапынан қандай жәрдем берілетінін білмей жатады. Сол себепті, біз бірінші кезекте осындай отбасыларды толық қамтып, ақпараттандыруға күш саламыз. Қала бойынша мобильді топтар құрылған. Олардың құрамына денсаулық сақтау, білім беру және Полиция департаментінің өкілдері кіреді. Әр ауданда да осындай мобильді топтар жұмыс істейді. Олар отбасыдағы қиын жағдайларды дер кезінде анықтап, бізге хабар береді.

Біздің жұмысымызды жеңілдету үшін FSM Social атты мобильді қосымша енгізілді. Мәселен, инспектор немесе дәрігер отбасының жағдайын көріп, балалардың мектепке бармайтынын, тамақсыз отырғанын немесе ата-аналардың ішімдікке салынғанын байқаса, бірден қосымша арқылы хабар жібереді. Біз сол сәтте отбасын есепке алып, мобильді топпен бірге барып, тексереміз.

Қазіргі таңда ең көп көтеріліп жатқан мәселе – халықтың қарызға бату проблемасы. Отбасының табысы аз болғандықтан, олар несиеге тәуелді болып қалады. Бұл жағдай салық төлемеуге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға ақша түспеуіне, тиісінше тегін медициналық қызмет ала алмауға әкеледі. Сондықтан біз үшін отбасының әлеуметтік мәселелерін кешенді түрде шешу маңызды.

2022 жылдан бастап «Отбасының цифрлық картасы» енгізілді. Бұл жоба да оң нәтижесін беруде. Отбасы біздің жүйеге тіркелгенде, автоматты түрде келісім береді. Жүйе арқылы олардың жеке мәліметтері мен әлеуметтік жағдайы көрініп тұрады. Осылайша біз нақты қандай көмек қажет екенін анықтап, толық сүйемелдеу жүргіземіз.

● ЦИФРЛАНДЫРУ

ALMATY DIGITAL MEDICAL CENTER:

Алматыда Қазақстандағы алғашқы Цифрлық медицина орталығы және үш медициналық ұйым күрделі жөндеуден кейін ашылды.



Досбол
АТАЖАН

Шаһарда Конституция күніне орай үш медициналық ұйым күрделі жөндеуден кейін қайта ашылды, сондай-ақ Қазақстандағы тұңғыш Цифрлық медицина орталығы – Almaty Digital Medical Center (ADMC) іске қосылды. Іс-шараға Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысы орынбасарының м.у.а. Ләйла Иманғалиева қатысты.

– Almaty Digital Medical Center Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мен Қалалық цифрландыру басқармасының әріптестігі аясында құрылды. Орталық ақпараттық-талдау орталығы, 1312 бірыңғай байланыс орталығы, телемедициналық патронаж, телемедицина және жасанды интеллект негізіндегі дауыс көмекшілері сияқты негізгі цифрлық қызметтерді біріктіреді. Оның жұмысы денсаулық сақтау жүйесінің ашықтығы мен тиімдігін арттыруға, күту уақытын қысқартуға және медицина мен халық арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартуға бағытталған, – деді Цифрлық медицина орталығының директоры Василий Мясняков.

Алмалы және Бостандық аудандарының 70 мыңға жуық тұрғынына қызмет көрсететін №3 қалалық емхана күрделі жөндеуден кейін ашылды. Ғимаратта инженерлік желі, кабинет, холл, санитарлық торап пен күту аймақтары жаңартылды, сондай-ақ саябақ абаттандырылды. Мекеме штатында – 500 қызметкер, соның ішінде 104 дәрігер бар, олардың 40-ы – тар бейінді мамандар.

– Симуляциялық орталық та жұмысын күрделі жөндеуден кейін бастады. Мұнда дәрігер, медбике және кіші меди-

Мегаполисте заманауи медицина орталығы іске қосылды



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

циналық персонал шұғыл көмек көрсету мен жүрек-өкпе реанимациясы дағдыларын тегін меңгереді. Орталық заманауи тренажер мен манекендермен жабдықталған, ал мамандар Малайзияда оқудан өтті, – дейді №3 қалалық емхана директоры.

Оның айтуынша, 2022 жылдан бастап мұнда мектеп оқушылары арасындағы суицидтің алдын алу бойынша республикадағы жалғыз психологиялық орталық жұмыс істейді. Ол ЮНИСЕФ-пен серіктестікте қызмет етіп, балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсетеді, психикалық денсаулыққа қамқорлық мәдениетін қалыптастырады және дағдарыстық жағдайдың алдын алуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, емханада «Damumed» жүйесімен біріктірілген дауыстық робот негізіндегі виртуалды көмекші іске қосылды және

медициналық көмектің сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді, – деді №8 қосалқы станса меңгерушісі Қожахмет Нұрманов.

Ал Ләйла Иманғалиеваның айтуынша, Цифрлық медицина орталығының және жаңартылған медициналық ұйымдардың ашылуы Алматы қаласының денсаулық сақтау жүйесін дамыту жолындағы маңызды қадам. Бұл жобалар медициналық көмектің сапасы мен қолжетімдігін арттырып қана қоймай, заманауи технологияны енгізудің жаңа мүмкіндіктерін ашып отыр. Алдағы уақытта денсаулық сақтау саласында Қазақстан бойынша көшбасшы ретіндегі Алматының позициясын нығайтатын цифрлық қызметті кеңейту, жаңа жобалар мен стандарттар енгізу бағдарлары қолға алынбақ.

● ХАБАРЛАНДЫРУ

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

мамандарды күтеді

Құрметті үміткерлер!

Жұмыс көлемінің ұлғаюына, штаттың кеңеюіне және еңбекақының артуына байланысты Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы Тазалық» ШЖҚ МҚК – Алматы қаласының санитарлық тазалығы мен абаттандыру жұмыстарын жүзеге асыратын ұйым төмендегі бос жұмыс орындарына қабылдау жүргізеді:

ЖОЛ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ

Міндеттері:

- Қаланың көшелерін, тротуарларын және қоғамдық аумақтарын санитарлық тазалау;
- Қоқыс жәшіктерін босату, қоқыс жинау;
- Қаланы абаттандыру мен көгалдандыруға көмек көрсету;
- Бекітілген аумақта бригада құрамында жұмыс істеу.

Еңбекақы: 250 000 – 350 000 теңге (қолма-қол).

МЕХАНИЗАТОРЛАР

Міндеттері:

- Коммуналдық техниканы басқару (тазалау машиналары, тракторлар, фронталды тиегіштер және т.б.);
- Маусымдық жұмыстарға қатысу (қар, жапырақ тазалау).

Еңбекақы: 430 000 – 550 000 теңге (қолма-қол).

ЖҮРГІЗУШІЛЕР (В, С, D, Е санаттары – техника түріне байланысты)

Міндеттері:

- Қаланы тазалауға жұмылдырылған көлікті басқару;
- Қоқыс, су, жабдық пен қызметкерлерді тасымалдау;
- Автокөліктің техникалық жағдайын бақылау.

Еңбекақы: 450 000 – 600 000 теңге (қолма-қол).

Сондай-ақ, біз жұмыс пен оқуды қатар алып жүргізі келетін жастарды және студенттерді шақырамыз. Бұл – тұрақты табысқа қол жеткізіп, алғашқы тәжірибе жинап, Алматының абаттануына үлес қосуға мүмкіндік.

БІЗДІҢ ТАРАПЫМЫЗДАН ҰСЫНЫСТАР:

- ҚР Еңбек кодексіне сәйкес ресми жұмысқа қабылдау;
- Жоғары әрі тұрақты жалақы;
- Жалақыны уақытылы төлеу;
- Толық әлеуметтік пакет (демалыс, еңбекке жарамсыздық парағы, зейнетақы аударымдары, материалдық көмек және т.б.);
- Арнайы киім және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;
- Заманауи техника мен құралдар;
- Қажет болған жағдайда оқыту және нұсқаулық беру;
- Тәжірибелі тәлімгерлердің қолдауымен ұйымшыл ұжымда жұмыс істеу.

Байланыс телефоны: +7 702 809 97 01.

Алматының тазалығы мен көркеюіне үлес қосып, біздің командамыздың бір мүшесі болыңыз! Біз еңбекқорлықты, жауапкершілікті және қоғам игілігі үшін жұмыс істеуге деген құлшынысты жоғары бағалаймыз!

заманауи кеңес беру, диагностика жүргізу зертханасы жұмыс істейді.

№18 қалалық емхананың «Таугүл» филиалы 19 жылдан кейін алғаш рет жаңғыртудан өтті. Нысан тәулігіне 100 келушіні қабылдайды. Ғимарат қасбеті жаңартылып заманауи желдету мен қазандық орнатылған. Терезе мен есіктер, инженерлік желі мен жабындар ауыстырылған. Филиалда заманауи неміс және жапон талдағыштарымен жабдықталған зертхана жұмыс істейді.

Одан бөлек, Алатау, Әуезов және Наурызбай аудандарының 200 мыңға жуық тұрғынына қызмет көрсететін №8 қосалқы станса күрделі жөндеуден өтті. Мұнда 17 жедел жәрдем бригадасы жұмыс істейді. Штатта 200-ден астам қызметкер бар. Күрделі жөндеу 2024 жылы қыркүйекте басталып, 2025 жылы жазда аяқталды.

– Ғимарат жылытылып, энергия үнемдейтін терезе мен есіктер орнатылды, жылыту және желдету жүйелері жаңартылды, LED-жарықтандыру енгізілді, өрт дабылы күшейтілді. Автобөкс заманауи қақпамен, желдету жүйесімен, энергия үнемдейтін жарықпен және электр қуатына қосылу нүктелерімен жабдықталды. Жасалған жағдай қызметкерлердің жайлы әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етіп қана қоймай, шұғыл



АУА ДА, АРЫҚ ТА – ОРТАҚ МӘСЕЛЕ

Мәслихат депутаттары қала экологиясын талқылады

Алматы қалалық мәслихатының VIII шақырылымдағы кәсіпкерлік, инвестициялар, туризм және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Green Tower бизнес орталығының конференц-залында өткен жиынның күн тәртібіне екі мәселе қойылды. Яғни қала аудандарының арық жүйелерінің дайындығы пысықталып, Алматы қаласында атмосфералық ауаны қорғау қағидаларының жобасы қаралды.

Комиссия жұмысына Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, комиссия төрағасы Руслан Идрисов, мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың басшылары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Сондай-ақ, жиынға аудан әкімдерінің орынбасарлары онлайн және офлайн форматта қосылды.

Комиссия төрағасы Руслан Идрисов су тасқынының алдын алу мақсатында арық желі-

лерінің жұмысын тұрақты бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті.

Медеу ауданында тұрғындардан арық жүйелеріне қатысты шағымдар жиі түсетіні белгілі болды. Аудан әкімінің орынбасары мердігер ұйымдардың жұмысы, Ремизовка аумағындағы коллектор мәселесі және жауын-шашын кезінде жиналатын суды реттеу жобалары бойынша баяндама жасады. Жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, жалпы құны 60 млн. теңге болатын құрылыс жұмыстары биылғы күзде басталатыны хабарланды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – Алматы қаласында атмосфералық ауаны қорғау қағидаларының жобасы. Құжаттың негізгі мақсаты – қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту, зиянды шығарындыларды азайту және тұрғындардың денсаулығын қорғау болып табылады. Депутаттар құжатты талқылап, бірқатар ұсыныстар енгізді.

Жиынды түйіндеген мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев аудан әкімдіктеріне арық жүйелерін күтіп-ұстау жұмыстарын жүйелі жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар, тұрғындар тарапынан түсіп жатқан сын-ескертпелерді ескере отырып, мердігер ұйымдардың жұмысын қоғамдық бақылауды күшейту қажеттігі атап өтілді.

ҮНДЕУ

ЕРЛІК ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында хабаршарсыз кеткендерді іздеумен және архивтік, далалық зерттеулермен айналысатын бірден-бір ұйым – «Атамнұн Аманату» қоғамдық бірлестігі үндеу жариялады.

«Құрметті отандастар, ардақты ағайын! Біз соғыс жылдары жоғалып кеткендерді іздеу, жауынгерлік жолды анықтау бойынша өтініштерді қабылдаймыз. Соңғы уақыт ішінде бізге 12 мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның ішінде 4500-ден астамы орындалды. Ай сайын орта есеппен 50-ге жуық өтінішті қарастырамыз. Егер сіз соғыс жылдарында жоғалып кеткен туыстарыңызды іздесеңіз, төменде көрсетілген байланыс нөмірлері немесе арнайы құрылған сайт сілтемесі арқылы өтініш бере аласыз.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде парақшаларымыз (www.facebook.com/groups/atamnyn.amanaty/ және www.instagram.com/ata.amanaty) бар –



онда біз ұйымымыздың қызметі мен барлық іс-шараларымызды жариялап отырамыз. Өтініштеріңізді ata-amanaty.kz сайтында қалдыра аласыз. Жаңалықтардан хабардар болу үшін жазылуларыңызға болады. Өтініштерді қабылдаушылар: Ардақ Закиева, Марфуза Сүлейменова. Байланыс телефоны (ватсап): +7 776 828 45 34.

Біздің ұйым ақысыз негізде жұмыс істейді. Батыр аталарымыз бен апаларымыздың, жақындарымыздың ерлігі ескерусіз қалмауы үшін, бейбіт өмір сыйлаған боздақтар жайлы ақпараттарды іздеп-табу жолында қолдан келгеннің бәрін жасаймыз!», – делінген Үндеуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҰРҒЫН ҮЙ

ПИК және МИБ: есеп беру тәртібі өзгереді

Елімізде тұрғын үйді басқару саласында жаңа талаптар енгізілді. Енді барлық ПИК, МИБ және басқарушы компаниялар ай сайынғы есепті міндетті түрде мүлік иелеріне ұсынуы тиіс.

Есеп бекітілген нысан бойынша дайындалып, барлық тұрғындарға қолжетімді жерде орналас-тырылады, ақпараттық жүйеде ашық түрде жарияланады және үй кеңесімен келісіліп, бекітілген соң МИБ төрағасының немесе басқарушының қолымен расталады.

15 қыркүйектен бастап ай сайынғы есепті ұсыну мерзімі өзгереді. Бұдан былай отчет есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-сына дейін берілуі қажет. Сондай-ақ, заңда кондоминиум нысанын басқару бойынша жылдық есепті тапсыру тәртібі бекітілді. Жылдық есеп алдымен үй кеңесінде қаралып, кейін мүлік иелерінің жалпы жиналысында талқыланып, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін қабылдануы тиіс.

Мүлік иелеріне жаңа құқықтар берілді. Олар ай сайынғы немесе жылдық есеппен бірге



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

банк шотындағы қаражат қозғалысы туралы үзінді көшірмелерді, ақау актілерін, монтаждау және орындалған жұмыстар актілерін, сондай-ақ қаражаттың жұмсалуды растайтын өзге де құжаттарды сұратуға құқылы. Әрбір пәтер, тұрғын емес үй-жай, автотұрақ немесе қойма иесі төлемдерін жасай отырып, ағымдағы және жинақ шоттары-

ның жай-күйі туралы ақпарат алуға толық мүмкіндікке ие.

Ай сайынғы және жылдық есептерде басқаруға жатпайтын қосымша шығыстар міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар, жалпы мүлікті жалға беруден түскен кірістер жеке жолмен белгіленуі қажет.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

РЕСМИ БӨЛІМ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ БАСҚАРМАСЫ

Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» ШЖҚ МКК бас директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, пошта индексі 050057, Алматы қ., Жароков к-сі, 196, телефон + 7 (727) 396-95-78.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні Алматы қаласы мен Алматы облысының сумен жабдықтау және су бұру жүйесі саласында қызметтер көрсету болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты – елдімекендерді тіршілікпен (сумен жабдықтау) қамтамасыз ету, күтіп ұстау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Кәсіпорын қойылған мақсатты іске асыру үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

- Сумен жабдықтау және су бұру;
- Су құбыры желілеріне, сыртқы су құбыры желілері мен құрылыстарға, су бұру желілеріне және сыртқы су бұру желілеріне, жергілікті тазарту құрылыстарына техникалық қызмет көрсету;
- Сумен жабдықтау және су бұру желілеріндегі апаттық-қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

- Есептеу құралдарының көрсетілімдерін алу;
- Шикі суларды шығару, жинау;

- Тұтынушыларға жеке есептеу құралдарын алу, орнату және ауыстыру;

- Сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосу, сонымен қатар қайта қосу және оларды ажырату;

- Зиянды заттардың шекті жол берілген шоғырлануының (ЗЖБШ) шегінен шыққан ластанушылардан сарқынды суды қосымша тазарту үшін қызмет;

- Су тұтынушылардың меншігіндегі су шығынын есептеу құралдарын тексеру;

- Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта жаңарту және салу.

Лицензияланатын қызмет түрлерін Кәсіпорын тек тиісті лицензиялар алғаннан кейін ғана жүзеге асыра алады.

- Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі Кәсіпорынды басқарушы органың немесе Құрылтайшының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: функционалдық бағыт бойынша жоғары білім. Басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан

Республикасының Еңбек кодексінің, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын және осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін білу.

Ұйымды басқару мен басқарудың заманауи әдістері, стратегиялық жоспарлау, экономикалық индикаторлар жүйесі, шаруашылық және қаржы шарттарын жасау және орындау тәртібі, кәсіпорынның экономикасы мен қаржысын басқару, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру, салалық келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеу және жасасу және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.

Конкурс «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығының негізінде өткізіледі.

- Конкурсқа қатысуға өтінімдерді E-QAZYNA.KZ веб-порталының TALAPKER ресурсы арқылы конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде жолдау қажет.

Анықтама телефоны: +7 778 945 85 43.



АЛТЫН ҰЯ

АЙСАРАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Алматыда Білім күні тағы бір заманауи мектеп ашылды

Ару қала үшін биылғы 1 қыркүйек – Білім күні ерекше жаңалықпен айықталды. Өйткені, жаңа оқу жылында мегаполисте заманауи үлгіде бой көтерген тағы бір білім ордасының, дәлірек айтсақ, №215 жалпы білім беретін мектептің есігі айқара ашылды.

Нұржамал
Әліш

Қала тұрғындары көптен күткен білім ғимараты кең әрі жарық, соңғы үлгідегі компьютерлермен, интерактивті тақталармен және зертханалық жабдықтармен қамтылған. Сонымен қатар, дене шынықтыруға арналған үлкен спорт залы, кітапхана мен оқу залы, өнер мен шығармашылық үйірмелеріне арналған кең кабинеттер де бар. Бұл жас ұрпақтың жан-жақты дамуына айрықша мүмкіндік бермек.

– Жаңа мектеп – жас ұрпаққа сапалы білім беру мен олардың болашағына жасалған инвести-

ция. Біз балаларымыздың тең мүмкіндіктерге ие болуына және олардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін толыққанды ашуына жағдай жасаймыз. Қымбатты оқушылар, бұл мектеп сіздер үшін салынған алтын ұя. Іші білімді, саналы, зерек, сергек ұрпаққа және жылылыққа толы болғай! – деді салтанатта іс-шарада сөз алған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Бостандық ауданында ашылған аталмыш мектептің табалдырығын биыл Айсара есімді сүйкімді бүлдіршін де алғаш аттады. Оның әкесі Дархан Құтпан Алматы қаласы Полиция департаментінде абыройлы еңбек ет-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

кен азамат. Ол қызметін атқарып жүрген сәтінде қаза тапқан болатын. Салтанатты жиынға Алматы қаласы Полиция департаментінің және Мамандандырылған батальонның басшылық құрамы атынан Дархан Құтпанның әріп-

тестері арнайы келіп, әкенің орнын жоқтатпай, қызының 1-сыныпқа келген қадамына ақ жол тіледі.

– Ардақты әріптесіміз болған Дархан Жақсылықұлын біз ешқашан ұмытпаймыз. Отаншылдық-

тың үлгісін көрсете білген азамат жүрегімізде сақталады. Сондай әкеден өнеге алған кішкентай Айсараның да үлкен адам болып өсетініне сенеміз. Бүгін ашылып отырған еңселі мектепке тарыдай болып енген барлық балдырғанға сәттілік тілейміз! – деген полиция өкілдері 1-сынып оқушысы Айсараға және сынып жетекшісіне әдемі гүл шоқтарын ұсынды.

№215 жалпы білім беретін мектеп ауласында ән-жырдан шашу шашылды. Құшақтар гүлге толды.

Тақырыпқа орай айта кетсек, 1500 орынды жаңа мектепте биыл он 1-сынып жасақталған. Мектеп директоры Жанар Оразалиеваның айтуынша, әрқайсысында 25 баладан. Бүгін соғылған алғашқы қоңыраудың сыңғырлаған үні сол өрендерді білімге шақырып тұрғандай әсерленгені анық. Жалпы, мектеп бойынша 81 мұғалім білім беруге тастүйін дайын.

ПІКІР



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МЕКТЕП ФОРМАСЫ: оқушының балалық бейнесін айшықтайды

Жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп формасы туралы мәселені бір көтеріп қоятынымыз бар. Әрине, оқушының бет-бейнесін айшықтап тұратын ең алдымен мектеп формасы екені даусыз. Бұған қоса, мектеп формасының оқушылар арасындағы әлеуметтік айырмашылықтарды теңестіретіні тағы бар.

Осыдан біраз жыл бұрын, яғни 2003-2004 жылдары еліміз бойынша Алматы қаласы алғашқы болып, осы мектеп формасын енгізген еді. Сол кезде де ата-аналардың қабылдауы оңайға түскен жоқ болатын. Түсіндіру жұмыстарының арқасында бір жүйеге мықтап түскен мектеп формасын ендігі жерде еркіндікке жіберу бүтін ыдысты сындырғанмен бірдей. Сондықтан қоғамға ой тастап, «мектеп формасын еркіндікке жіберу керек» деп уәж айту еш қисынға келмейді.

Иә, мектеп формасы ретінде классикалық стильдегі киіммен келуге мүмкіндік беретін шешім де қабылданған еді. Дегенмен, оқушының балалық бейнесін айшықтап тұратын мектеп формасынан қол үзбеген дұрыс. Осыған орай кейбір ата-ана тарапынан туындап жататын мәселе мектеп формасы туралы емес, мектеп формасын өндірушілер туралы болуы керек.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЖИЫН

«БҮГІНГІ ОҚУШЫ – ЕРТЕҢГІ АДАЛ АЗАМАТ»

Бастауыш сынып мұғалімдерінің секциялық отырысы өтті

Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Жаңа ғасыр» №175 гимназия шаңырағында Тамыз кеңесі аясында бастауыш сынып мұғалімдеріне арнап секциялық отырыс өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жиын барысында жаңа оқу жылында бастауыш білім берудегі өзекті мәселелерді талқылау, тәжірибе алмасу және заманауи педагогикалық әдістерді енгізу жолдары қарастырылып, педагогтер оқу процесін жетілдіру, оқушылардың функционалдық

сауаттылығын арттыру, заманауи әдістемелерді қолдану бойынша озық іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Жиынға қатысушыларға ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау-хаты

таныстырылып, онда көрсетілген маңызды мәселелер талқыланды. Оқу бағдарламаларының жаңартылған мазмұны, функционалдық сауаттылықты арттыру әдістері және цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың жаңа тетіктері түсіндірілді.

Отырыста «Адал азамат – кәсіби маман» бағытына ерекше көңіл бөлініп, жас ұрпаққа адалдық, жауапкершілік және отаншылдық құндылықтарын бастауыш сыныптан бастап дарыту маңыздылығы айтылды. Қалалық ғылыми-әдістемелік орталық жетекшілері «Бүгінгі оқушы – ертеңгі адал азамат. Сол себепті біз оларға тек білім беріп қана қоймай, әділдік пен ізгілік құндылықтарын бойына сіңіруіміз керек», – деп қатысушыларға зор сенім жүктеді.

Сондай-ақ, жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды білім беру үдерісінде тиімді қолдану мүмкіндіктері де талқыланды. Жиынға қатысушылар «Жасанды интеллект мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, оның жұмысын жеңілдетіп, әр оқушыға жеке тәсіл таңдауға мүмкіндік береді» дей келе, мұғалімдерге жаңа платформалар мен дербестендірілген оқыту жүйелерінің артықшылықтарын таныстырды.

Жиын барысында заманауи әдістемелер, робототехника көрмелері ұйымдастырылып, қала мектептері оқушылары мен жас мұғалімдерінің үздік жобалары таныстырылды.



МЕДИЦИНА САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ

қандай нәтиже беріп жатыр?

Денсаулық сақтау саласына жаңа технологияларды енгізу – медициналық қызметтердің сапасын арттыруға жасалған маңызды қадам. Face ID жүйесін қолдану, әсіресе, дертіне шипа іздеп барған емделушіге ем тағайындауда және амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін рецепт жазып беруде өте маңызды. Біз №6 қалалық емханаға барып, мекеменің жұмысы мен көрсетіліп жатқан қызметтермен таныстық.

 **Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Әуезов ауданындағы бұл медициналық ұйым 56 511 тұрғынға қызмет көрсетеді. Оның қатарында 13 302 бала (0–14 жас), 2463 жасөспірім (15–17 жас) және 40 746 ересек тұрғын (18 жастан жоғары) бар. Соның ішінде 14 461 бала туу жасындағы әйел, 24 713 ер адам және 31 798 әйел тіркелген.

Емханада цифрлық технологиялар кеңінен енгізіліп жатыр. Мәселен, Face ID жүйесі емделушіні дәл сәйкестендіріп, ем тағайындау мен дәрі-дәрмек рецептісін жазып беруде маңызды рөл атқарады. Тек биылдың өзінде Egov Mobile қосымшасы арқылы 135 355 қызмет көрсетілген.

«Әлеуметтік әмиян» дәрі-дәрмекке қатысты – eGov Mobile қосымшасы арқылы жүзеге асырылатын электронды жүйе. Оның көмегімен дәрігер жазып берген тегін дәрілерді науқас мобильді қосымшадан көріп, кейін емханадағы дәріханада рецептінің QR-кодын көрсетіп, дәрілерін ала алады. Бұл жүйе қағаз рецепт алып жүру қажеттілігін жойып, дәрілердің жазылуы мен алынуын бақылауға мүмкіндік береді. №6 қалалық емханада «Әлеуметтік әмиян» арқылы 31 586 рецепт берілді. Алдағы уақытта емхана ұжымы алғашқы медициналық-

санитарлық көмекті одан әрі цифрландыру жұмыстарын жалғастырып, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруды көздеп отыр», – дейді №6 қалалық емхана директорының медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Аида Құрманғазықызы.

Жоғарғы дәрежедегі кеңейтілген мейірбике Динара Тілеубайқызы: «Қазіргі таңда өзіндік қабылдау жүргіземіз. Бізге көбіне созылмалы аурулары бар науқастар жүгінеді. Яғни 149-бұйрық бойынша динамикалық бақылауда тұрған азаматтар келеді», – дейді.

Оның айтуынша, «Әлеуметтік әмиян» пациенттер үшін өте қолайлы. 2025 жылдың қаңтар айынан бастап қолданып келеді. Бұл жүйенің артықшылығы – науқастың дәріні қай уақытта алғаны, қанша айға жазылғаны, қандай дәрі екені, дозасы – бәрі толық жазылып тұрады.

«Бізге көбіне артериалды қан қысымы, қант диабеті, жүрек ауруы сияқты созылмалы ауруы бар науқастар келеді. Олар келгенде біз ең алдымен электронды рецепт жазып, базаға енгіземіз. Ол рецепт науқастың «Әлеуметтік әмиянында» бірден көрінеді. Пациенттер дәріні тегін алады. Қолдану тәртібі де жеңіл, дәріханада QR-код арқылы дәріні ала береді. Бұл жүйе 2025 жылдың қаңтарынан бастап қаладағы барлық емханада енгізілді. Қазіргі таңда науқастардың шамамен, 90%-ының смартфонда eGov mobile қосымшасы бар, ал әлеуметтік әмиянды сол жерден қолданады. Жас ерекшелігіне қарасақ, көбіне жастар мен орта жастағылар заманауи смартфон арқылы қолдана алады, ал 80 жастан асқан кейбір қарияларда ғана қиындықтар кездеседі», – дейді мейірбике.

Электронды рецепт кез келген дәрігердің тағайындауы бойынша жазылады. Жоғарғы дәрежедегі мейіргерлер, сондай-ақ учаскелік дәрігерлер де электронды рецепт жазып бере алады.

Қалалық емханаларда диспансерлік есепте тұрған науқастарға қашықтан қызмет көрсету жүйесі жолға қойылған. Бұл қызмет түрі пациенттердің уақытын үнемдеу-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зайтунам АРМЕДИНҚЫЗЫ,
эндокринолог дәрігер:

**Ең жиі кеңес алатындар –
қант диабетімен
есепте тұрған науқастар**

Қашықтан қабылдау негізінен созылмалы аурулары бар азаматтарға жасалады. Мысалы, қант диабеті, артериялық гипертензия, жүрек-қан тамырлары ауруларымен есепте тұрған науқастар дәрігердің кеңесін емханаға келмей-ақ ала алады. Әр күнге арнайы уақыт бөліп, диспансерлік және қайталама пациенттерге қоңырау шаламыз. Орта есеппен күніне үш-төрт қашықтықтан қабылдау өткізіледі. Бұл қызметті жастар да, орта жастағы адамдар да, зейнеткерлер де пайдаланады. Дәрігерлер пациенттің жалпы жағдайын, дәріні қабылдау тәртібін, әсерін, жанама әсерлерін сұрап, қажет болған жағдайда анализ нәтижелері бойынша емдеу тактикасын түсіндіреді. Қабылдаулар қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Қашықтықтан қызмет көрсетуді эндокринолог, кардиолог, невропатолог, гастроэнтеролог сияқты кәсіби мамандар жүзеге асырады. Ал жасы үлкен, заманауи смартфон қолдана алмайтын науқастар емхана келіп, дәрігердің көмегіне жүгінеді. Қазіргі таңда ең жиі қашықтықтан кеңес алатындар – қант диабетімен есепте тұрған науқастар.

ге және дәрігермен онлайн байланысуға мүмкіндік береді. Ұзақ уақыт ем алып жүрген немесе динамикалық есепте тұрған азаматтарға ыңғайлы. 2025 жылдың алғашқы алты айында емханада 5384 онлайн қызмет көрсетілген, бұл барлық қабылдаудың 8%-ын құрайды.

ӘЛЕУМЕТ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҮМІТ ҰЯСЫ

Алматы қалалық балаларды оңалту орталығына – 14 жыл

Осы уақыт ішінде 15 мыңнан астам бала медициналық және педагогикалық оңалтудан өткен. Ерекше қамқорлықты қажет ететін өрендерге жүйелі түрде қызмет етіп келе жатқан үлкен ұжым өзінің 14 жылдығын атап өтті.

 **Нұржамал ӘЛІШ**

Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов қатысты.

– Бұл орталық бүгінде мыңдаған бала мен олардың отбасы үшін үміт, сенім үйіне айналған. Мұнда олар тек медициналық көмек алып қоймай, алғашқы қадамдар жасауға жетелейтін күшке, өзіне сенуге көмектесетін қолдауға және белсенді өмір сүру дағдыларына ие болады. Біз оңалту қызметін одан әрі дамытып, мүмкіндігінше көп баланы қамтып, заманауи әдістерді енгізетін боламыз, – деді Марат Пашимов.

Мереке барысында басқарма басшысы 12 жастағы баланың тұсауын кесті. Иә, Әбдірахман 12-де. Бірақ жүре алмайтын. Енді, міне, ол орталық мамандарының жүйелі қолдауының нәтижесінде, бес айдың ішінде аяғын тәйтәй басатын күнге де жетті. Бұл ата-анасын да толқытқан сәт болды.

– Осы күнге дейін біздің орталықтан 15 800-ден астам бала медициналық көмек алды. Кешенді оңалту іс-шараларының нәтижесінде 50 бала ешкімнің сүйемелдеуінсіз алғашқы қадамын жасады. Жалпы, оңалту орталығы 100 орынға есептелген. Қазір 95 бала бар.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мұнда олар орта есеппен 20 күн бола алады. Орталық нейропсихиатриялық патологиясы бар 3–17 жас аралығындағы жеткіншектерге, дәлірек айтсақ, церебральды сал ауруына шалдыққан, ми мен жұлын жарақатынан кейінгі кеселге тап болған, Даун синдромы, аутизм, *spina bifida*, микроцефалия сынды бұзылысы бар өрендерге қызмет көрсетеді. Қажет болса, анасымен бірге бола алады, – дейді Алматы қалалық балаларды оңалту орталығының директоры Эльвира Қанатқызы.

Оңалту жұмыстары медициналық және педагогикалық бағыт бойынша жүргізіледі. Оған дәрілік және дәрілік емес емдеу кіреді: физиотерапия, массаж, физиотерапия, бальнеотерапия, логопед-дефектологпен, музыкалық терапевтпен және психологпен сабақтар.

Орталықта интерактивті тренажерлармен психологиялық түсіру бөлмесі жабдықталған. Мұнда заманауи әдістер

белсенді қолданылады: альпинизм терапиясы, апитерапия, киіз терапиясы, локомоторлық терапия, терең қысым терапиясы, логотиптеу және WeCan бағдарламасы.

Орталықта 2023 жылдан бастап терең қысым терапиясымен сенсорлық интеграция әдісі енгізілді. Бұл тәсіл ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен түзету-дамыту жұмысындағы ең тиімді жолдардың бірі ретінде танылды. Осынау кезеңде әртүрлі психоневрологиялық бұзылысы бар 920 бала дәл осы әдіс бойынша оңалтудан өтті. Терең қысым әдісінің еміні 595 бала алды.

Курстан өткен пациенттердің көпшілігінде оң өзгерістер болды дейді мамандар. Есте сақтау, ойлау, қабылдау қасиеттері жақсарып, мінез-құлық реакциялары қалыпқа келген. Сондай-ақ, балалар сабақта сабырлы, табанды және белсенді бола бастаған. Сондықтан ата-аналар да оңалту орталығының жұмысына дән риза.

АЛҒЫС

Жүрегіме нәр берген дәрігерлер

Мен Ұлы Отан соғысының мүгедегіне теңестірілген азаматын. Денсаулық сақтау ісінің үздігі, 57 жыл бойы дәрігерлік жолда еңбек еткен жанмын. Соның ішінде 35 жыл болашақ дәрігерлерге дәріс оқыдым.

Алайда, дәрігер де адам. Кейінгі жылдары жүрегім сыр беріп, бірнеше мәрте күрделі ем қабылдауыма тура келді. Қазір жүрегімде екі стент пен кардиостимулятор бар, оларды соңғы үш жыл аралығында Алматы қалалық Кардиология ауруханасында орнатқан болатын. Жақында ғана төртінші рет жоғарыда аталған ауруханада жатып, емделіп шықтым. Бұл – еліміздегі жүрек-қан тамырлары ауруларын емдейтін алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі.

Ауруханада менің сыр беріп жүрген жүрегімді қалпына келтіруге бірінші кезекте Қабылдау бөлімінде істейтін дәрігерлер (айта кетуге тиіспін, 13 қыркүйекте кезекшілікте болған мамандардың бірнешеуіне ертеректе дәріс берген екенмін) мен орта медицина қызметкерлері атсалысып, шұғыл түрде қажетті диагностикалық-емдік шараларды уақытында жасады. Сонымен қатар, маған жан-жақты көмек көрсеткен 2-кардиология бөлімінің ақ халатты абзал жандарына зор ризашылығымды білдіремін. Бәрінің алдында ақ қырау шалған басымды иемін. Әсіресе, бас дәрігердің орынбасары Жанар Нұрбайқызына, емдеуші дәрігерім Дамира Сәкенқызына, бөлімше меңгерушісі Зулфия Сағындыққызына, мейіргерлер Сесім, Айгүл және басқа да жанкешті қызметкерлерге алғысым шексіз.

Гиппократтың «Жақсы дәрігер ауруды ғана емес, жанды да емдейді» деген қанатты сөзі бар. Алматы қалалық Кардиология ауруханасының әрбір маманы осы сөзге әбден лайықты. Әріптестеріме жақсылықтың бәрін тілеймін.

Асан ҚАНЫБЕКОВ,
Алматы тұрғыны.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №3/470-1177 қаулысы	
Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы	
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 34.6-34.05/1155-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. «Шығыс қақпасы» полиорталығында жолдар салу үшін Алматы қаласы, Түркісіб және Медеу аудандарында орналасқан 74 (жетпіс төрт) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын. 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін. 3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін. 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін. 6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақссын төлеуді қамтамасыз етсін; 2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегеріміне берсін; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 3/470-1177 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Барменбеков Нұрадил Сәйдәлимович, Барменбеков Ұлан Нұрадильович, Қалығұл Кенжеқұл Дәркембайқызы	20-315-062-015	Құлжа тас жолы, 98 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4188
2	Джумагулова Дарига Кенжебаевна	20-315-062-016	Құлжа тас жолы, 100 учаске	жалпы-1,3100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3015
3	Хожугова Тамара Абазовна, Хожугов Эльмирза Хожукович, Хабил Лейла Хожуковна	20-315-062-019	Құлжа тас жолы, 88 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3228
4	Хожугова Тамара Абазовна, Хожугов Эльмирза Хожукович, Хабил Лейла Хожуковна	20-315-062-020	Құлжа тас жолы, 88/4 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1073
5	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-023	Құлжа тас жолы, 100/2 учаске	жалпы-1,3100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4679
6	Хамедова Шадия Курбаналиевна	20-315-062-031	Құлжа тас жолы, 100/7 учаске	0,0800
7	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-038	Құлжа тас жолы, 130/1 учаске	жалпы-0,6500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3943
8	Бакузова Наталья Ивановна	20-315-062-043	Құлжа тас жолы, 62/19 учаске	жалпы-1,3100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5108
9	Мақтаева Айгерим Комекбаевна, Мақтаев Шохан Аширбаевич	20-315-062-045	Құлжа тас жолы, 100/5 учаске	0,0800
10	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-173	Құлжа тас жолы, 98/6 учаске	жалпы-1,3110 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5241
11	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-175	Құлжа тас жолы, 130 учаске	жалпы-1,3110 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4076
12	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-176	Құлжа тас жолы, 92/19 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4321
13	«Forum Eurasia (Форум Евразия)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-177	Құлжа тас жолы, 110/6 учаске	жалпы-1,3100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2290
14	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-179	Құлжа тас жолы, 90/12 учаске	жалпы-0,3930 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1910
15	«Forum Eurasia (Форум Евразия)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-184	Құлжа тас жолы, 110/7 учаске	жалпы-1,3110 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2575
16	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-185	Құлжа тас жолы, 102/3 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1435
17	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-188	Құлжа тас жолы, 96/2 учаске	жалпы-6,5560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2215
18	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-192	Құлжа тас жолы, 104/17 учаске	жалпы-1,9660 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1086
19	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-195	Құлжа тас жолы, 102/5 учаске	жалпы-1,9610 иеліктен шығарылатын ауданы-0,7573
20	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-209	Құлжа тас жолы, 110/10 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1383
21	Байғабулов Мейрамбек Түрекулович, Ашимова Кульсун Жолдыбаевна	20-315-062-211	Құлжа тас жолы, 100/9 учаске	0,0650
22	Қайшыбеков Сәкен Олжалыұлы, Қайшыбекова Ажарқұл Ашилевна	20-315-062-212	Құлжа тас жолы, 108/7 учаске	0,0700
23	Байғұжина Резванбиби Джалалитдиновна	20-315-062-268	Құлжа тас жолы, 90/9 учаске	жалпы-0,3930 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1184
24	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-274	Құлжа тас жолы, 92/22 учаске	жалпы-0,6500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0936
25	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-276	Құлжа тас жолы, 92/8 учаске	жалпы-2,6177 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2372
26	Ниязова Тахмина Умержановна	20-315-062-288	Құлжа тас жолы, 108/8 учаске	0,0700
27	Толеубаева Айгерім Жанатовна, Қоныров Асхат Оразбаевич	20-315-062-289	Құлжа тас жолы, 106/10 учаске	0,0630
28	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-310	Құлжа тас жолы, 95/2 учаске	жалпы-1,3120 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0754
29	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-311	Құлжа тас жолы, 95/3 учаске	жалпы-0,9070 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2586
30	«MyCar Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-336	Құлжа тас жолы, 92/10 учаске	0,1337
31	«Forum Eurasia (Форум Евразия)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-354	Құлжа тас жолы, 95/6 учаске	жалпы-5,8804 иеліктен шығарылатын ауданы-0,7164

32	«MyCar Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-366	Құлжа тас жолы, 92/4 учаске	жалпы-1,9098 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2136
33	Бабашов Зулфикорбек Саидкосимович	20-315-062-371	Құлжа тас жолы, 80/7 учаске	0,3930
34	Еспанов Сарсебай Абдраимович	20-315-062-377	Құлжа тас жолы, 100/11 учаске	жалпы-1,3100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3941
35	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-062-397	Құлжа тас жолы, 106/9 учаске	жалпы-14,9027 иеліктен шығарылатын ауданы-2,4968
36	«АзийИнвестГрупп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-398	Құлжа тас жолы, 62/5 учаске	жалпы-3,9792 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1871
37	«Forum Eurasia (Форум Евразия)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-400	Құлжа тас жолы, 100/3 учаске	жалпы-5,1229 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2606
38	«СК Акбулак-2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-410	Құлжа тас жолы, 80/5 учаске	1,8054
39	«DCAD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-415	Құлжа тас жолы, 62/20 учаске	жалпы-4,1117 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0550
40	«СК Акбулак-2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-425	Құлжа тас жолы, 62/4 учаске	жалпы-0,1923 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0283
41	Чуйшкалиева Салтанат Салиевна	20-317-105-318	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 1 қоныс	жалпы-0,1500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0882
42	Байқасымов Алижан Жанатович	20-317-105-320	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 2 қоныс	жалпы-0,1300 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0430
43	«Ренстрой» құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-105-321	«Қайрат» шағынауданы, 137/1 учаске	жалпы-30,0000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5350
44	Құсайын Гүлнар	20-317-105-399	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 58	0,0850
45	Джанболова Ақбота Амангельдықызы	20-317-106-029	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 173/3	жалпы-0,2847 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1623
46	Сыдыкова Акжунис Бактыбековна, Бекжанов Бакыт Болатович	20-317-106-058	«Қайрат» шағынауданы, 21 учаске	0,0738
47	Калдыбаева Лилия Петровна	20-317-106-086	«Колхозшы» шағынауданы, 153 учаске	жалпы-1,3954 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0898
48	«МСС и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-093	«Қайрат» шағынауданы, 153/11	жалпы-0,8426 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4183
49	Калдыбаева Лилия Петровна	20-317-106-096	«Колхозшы» шағынауданы, 153 учаске	жалпы-4,8813 иеліктен шығарылатын ауданы-1,3463
50	Калдыбаева Лилия Петровна	20-317-106-098	«Колхозшы» шағынауданы, 153 учаске	жалпы-0,1215 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0466
51	Есіркеп Абылайхан Ералыұлы, Ратбекова Диана Дархановна	20-317-106-108	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 518/6 учаске	жалпы-1,8759 иеліктен шығарылатын ауданы-1,2070
52	Есіркеп Абылайхан Ералыұлы, Ратбекова Диана Дархановна	20-317-106-110	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 518/11 учаске	0,2688
53	«Nursat development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-111	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 518/5 учаске	0,3324
54	Оспанов Ербол Куралович	20-317-106-270	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 4/12 учаске	0,0565
55	Бәзілова Гүлшат Сайлаубаевна, Иманбаев Бақытжан Джайлаубаевич	20-317-106-273	«Қайрат» шағынауданы, 5 көшесі, 28	0,0850
56	Сафронов Александр Иванович, Мажитова Милавша Рашитовна	20-317-106-315	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 19/3	0,3867
57	«Сармат Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-404	«Қайрат» шағынауданы, 135/2 учаске	жалпы-1,3265 иеліктен шығарылатын ауданы-1,0505
58	Елубаева Мейрамгүль Сламғалиевна	20-317-107-092	«Қайрат» шағынауданы, Қарасай батыр көшесі, 20	0,0700
59	Нурбосынов Бағлан Мухтарович, Сейткалиева Макпал Ерлановна	20-317-107-1013	«Қайрат» шағынауданы, 479 учаске	жалпы-1,5000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4277
60	Калдыбаева Дана Таировна, Кенжетәев Мұхтар Арыстанбекович	20-317-107-1020	«Қайрат» шағынауданы, 519 учаске	жалпы-2,9000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1700
61	«КазСпецЭнерго Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1304	«Қайрат» шағынауданы, 716/5 учаске	жалпы-4,1171 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0338
62	Үмбетова Қуралай Маратовна	20-317-107-1346	«Қайрат» шағынауданы, 620/3 учаске	жалпы-0,9750 иеліктен шығарылатын ауданы-0,6414
63	Үмбетова Қуралай Маратовна	20-317-107-1347	«Қайрат» шағынауданы, 620/1 учаске	жалпы-0,6578 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0743
64	Үмбетова Қуралай Маратовна	20-317-107-1348	«Қайрат» шағынауданы, 620 учаске	жалпы-3,0296 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0603
65	Үмбетова Қуралай Маратовна	20-317-107-1349	«Қайрат» шағынауданы, 620/2 учаске	0,3376
66	«Almaty Engineering Solution» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1358	«Қайрат» шағынауданы, 186/4 учаске	0,2900
67	«Almaty Engineering Solution» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1363	«Қайрат» шағынауданы, 186/3 учаске	0,5915
68	Бугибаева Гүлнар Менликуловна	20-317-107-397	«Қайрат» шағынауданы, 376 учаске	жалпы-0,1815 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0699
69	Есполов Ердіс Исабаевич	20-317-107-439	«Қайрат» шағынауданы, Байғе көшесі, 38	0,0700
70	Шумилов Николай Руфович	20-317-107-440	«Қайрат» шағынауданы, Байғе көшесі, 34	0,0700
71	Жандильдина Марал, Жандильдин Жумабек	20-317-107-721	«Қайрат» шағынауданы, Байғе көшесі, 36	0,0700
72	Касанов Исмихан Зиятдинович	20-317-107-726	«Қайрат» шағынауданы, 187 А учаске	жалпы-1,2000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1503
73	Ауелбаев Жаныбек Касенканович, Кадримбетова Камшат Жетписбаевна	20-317-107-793	«Қайрат» шағынауданы, Байғе көшесі, 22	0,0640
74	Жалабаев Ерлан Болатбекович, Мерекенова Зарина Каримджановна	20-317-107-805	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 13	0,0546

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласының МАЭС-ның 2 қыркүйек, 2025 ж. нұсқамасымен БСН 201040012057 «Vibe Express (Вайб Экспресс)» ЖШС ұйымына оңалту рәсімін қолдану туралы өндіріс қозғалды. Барлық мәселелер бойынша Г.М.Сағынбекова судьясына +7 (727) 333-10-91 тел. бойынша хабарласыңыз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.



Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымына» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚСТАН – АЗИЯ КУБОГЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Алматыда спорттық құзға өрмелеуден Азия Кубогы өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

29–31

тамыз күндері Алматы қаласында ресми халықаралық жарыс – спорттық құзға өрмелеуден Азия Кубогы өтті. Бұл жарысты Қазақстан Республикасы Альпинизм және спорттық өрмелеу федерациясы ұйымдастырды. Азия Кубогының ерекшелігі – Қазақстанның спорттық құзға өрмелеу тарихында тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бұған дейін елімізде мұндай дәрежедегі жарыс ұйымдастырылмаған еді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жарыстың ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков пен Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев қатысты. Олар қатысушыларға сәттілік тілеп, спорттық шараның маңызына тоқталды.

Азамат Қалдыбеков өз сөзінде, спорттық өрмелеудің елімізде қарқынды дамып келе жатқанын және Алматының бұл бағытта жетекші орталықтардың біріне айналатынын атап өтті. Оның айтуынша, мұндай халықаралық жарыстарды өткізу қала спортының дамуына серпін беріп қана қоймай, Алматының спорттық және туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

«Менің ойымша, спорттық құзға өрмелеу Алматы қаласының басты ерекшеліктерінің біріне айналуы тиіс. Биыл заңнамаға өзгерістер енгізіліп, 46 спорт түрі бекітілді. Солардың қатарына құзға өрмелеу де бар. Сондықтан мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру осы спорт түрлеріне бағытталмақ. Оның ішінде спорттық өрмелеуге де қолдау көрсетіледі. Бұл Алматы үшін үлкен мүмкіндік. Ең алдымен, ол спорттың дамуына серпін береді. Қазір біз бірыңғай күнтізбелік жоспар әзірлеп жатырмыз. Оның құрамына мәдени және спорттық шаралар енгізіледі. Бұл жоспар қала экономикасына қосымша табыс әкеліп қана қоймай, туризмнің дамуына да ықпал етеді», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Турнир екі бағыт бойынша өтті. Құзға өрмелеушілер қиындық және жылдамдық бойынша сыналды. Сайысқа Азия құрлығындағы 15-тен астам елдің, соның ішінде әлемдік рейтингтегі жетекші спортшылар қатысты.

«Орталық Азиядағы спорттық өрмелеудің дамуына тың серпін беріп, Қазақстанның ірі спорттық турнирлерді қабылдай алатын ел ретіндегі мәртебесін нығайтты», – дейді ұйымдастырушылар.

Жарысқа елімізден тыс Оңтүстік Корея, Жапония, Үндістан, Иран және Қытай (Гонконг) сынды Азияның алты елінен келген 100-ге жуық спортшы қатысты. Қазақстан атынан жарысқа шамамен, 25 ер және 9 әйел спортшы қатысып, олардың ішінен 7 ер және 8 әйел спортшы финалға жолдама алды.

Жылдамдық санатындағы финалдық кезеңге барлығы 16 ер және 8 әйел спортшы өтті. Финал жұптық іріктеу жүйесі бойынша өтті. Сайысты Халықаралық спорттық құзға өрмелеу федерациясы (IFSC) бекіткен халықаралық дәрежедегі төрешілер қадағалады. Бас төреші – Гонконгтан, қалған төрешілер – Иран мен Сингапур елдерінен шақыртылды.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Әйелдер арасында барлық үш жүлдені қазақстандық спортшылар иеленді. Алтын жүлдені Анна Балашова, күміс жүлдені Тамара Олжабаева жеңіп алды. Ерлер арасында жылдамдыққа өрмелеу бойынша алтын жүлдені Қазақстан спортшысы Ришат Хайбуллин иеленді. Күміс және қола жүлделер жапониялық спортшыларға бұйырды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрсұлтан ШОҚАНОВ,
Қазақстан альпинизм
және спорттық құзға
өрмелеу федерациясы-
ның президенті:



Қазақстан – әлемде үздік төрттік қатарында

Бұл жарысты еліміз үшін алғашқы қадам деуге болады. Осы арқылы Алматыны әлемдік спорт орталықтарының біріне айналдыруға мүмкіндік аламыз.

Спорттық өрмелеу бүгінде Олимпиадалық бағдарламаға енгізілген. Бұл спорт түрінен үш медаль жиынтығы сарапқа салынады. Сондай-ақ, паралимпиадалық бағдарламаға да енген. Сондықтан құзға өрмелеу Қазақстанда да қарқынды дамып келеді. Біз әлемдік үрдістен қалыспай, қайта алға озуды көздеп отырмыз.

Қазір Алматы қаласының орталығында еліміздегі ғана емес, бүкіл ТМД мен Орталық Азиядағы ең ірі скалодромның құрылысы жүріп жатыр. Осындай инфрақұрылымды дамыту арқылы біз өз спортшыларымызды дайындап, олардың әлемдік арена-ларда лайықты өнер көрсетуіне жол ашамыз. Бүгінде Қазақстаннан екі спортшы Токио және Париж Олимпиадаларына қатысып үлгерді.

Айта кететін жайт, қазір Қазақстан спорттық өрмелеудегі жылдамдық бағыты бойынша әлемде үздік төрттіктің қатарында. Демек, бізде мықты іргетас қаланған, әрі қарай да дамып, биік мақсаттарға ұмтылуға толық мүмкіндік бар. Спорт жанкүйерлерін мұндай жарыстарға келіп, спортшыларымызға қолдау көрсетуге шақырамын.